

12473

М. ҚОСШЫҒҰЛОВ

ШЫНДЫҚ СЫРЫ

34C45
K67



М. ҚОСШЫҒҰЛОВ

ШЫНДЫҚ СЫРЫ

*(СУДЬЯНЫҢ
ДӘПТЕРІНЕН)*

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ

Алматы — 1973

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӘДЕБИЕТ БАС РЕДАКЦИЯСЫ

34 С 45
К 67

Қосшығұлов Мөртай.

Шындық сыры.. [Судьяның дәптерінен]. Алматы, «Қазақстан»,
1973.
76 бет.

Мөртай Қосшығұлов — заң қызметкері. Ол өзінің мамандығымен қатар жазу өнерімен де айналысып жүр. Мөртай оқырмандар қауымына «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Кім кінәлі?» атты жинағымен таныс.

«Шындық сыры» автордың екінші кітабы. Жинақтағы очерктердің оқиғасы бала тәрбиесіне байланысты өрбиді. Сонымен қабат «Шындық сырында» ата-ананың семьядағы ролі мен міндеті де мол камтылған.

012473

К $\frac{1102-053}{М 401(07)-73}$ 89-73

ТАРТЫС

Ольга Петровна Гришинаның мазасы кетіп, бөлме ішінде ерсілі-қарсылы жүрді.

«Енді бәрі бір... айналдырған жау алмай қоймас, қанша бұлтарсам да, жүйрік тазыдай ізіме түсіп, өкшелеп келеді. Дегенмен, әлі уақытым бар» деп түйді ойын Ольга. Сосын ол қолындағы папиросының түтінін әдетінше ішіне құныға сорып қарсы бөлмеге жүгіре басып кірді де, вокзалға жедел телефон соғып, поездың Петропавлға қашан жүретінін сұрады. Сол-ақ екен ойы іске асқандай байсалды кейіпке түсіп, өз бөлмесіне оралды. Сәл ойланып тұрды да, бір парақ қағазға «Григорий Иванович, туған інім хал үстінде жатыр деген телеграмма алдым. Сізден рұқсат сұрамағанымды кешіріңіз. Бірақ мұндай жағдайда қарсы болмассыз деп жүріп кеттім. Қош-сау болыңыз!» деп жазып конвертке салды. Сосын жедел киініп кішкене чемоданын қолына алды да, жатақхананың шыға берісінде отырған кезекші әйелдің қасына келді.

— Антонина Васильевна, мына хатты Григорий Ивановичке беріңіз,— деп конвертті кезекші әйелдің қолына ұстата сала ол сыртқы есікке қарай беттеді.

Гришина көшеге шыққасын біреуді іздегендей жан-жағына тағатсыз қарады. Осы сәтте ол зулап келе жатқан таксиді көрді. Қолын көтеріп шыдамсыздық білдіріп тұрған жас әйелді көрген шофер кілт тоқтай қалды.

— Вокзалға,— деді Ольга шофердің қасына отыра беріп. «Шақырсам уақытында келмес еді, тегі жолым болар» деп ойлаған келіншек жан-жағына маңыздана қарады. Ол бір мезет алақанымен маңдайын оңды-солды сипап та қойды. Манадан бұған көз қиығымен қарап отырған шофер: «бұ келіншек кімді қарсы алғалы келе жатыр екен?» деді ішінен.

...Түн. Жедел поезд жүйткіп келеді. Ұзақ жолға шыққан жолаушылар үйіндегі жайлы төсекте жатқандай, тәтті ұйқы құшағында. Келесі станцияда түсетін бірінсаран адам ғана абыр-сабыр киініп, жүктерін жинап жатыр.

Ольга терезе алдына келіп отырды да, тұңғыық түн қараңғылығына көз жіберді. Аспан маужырап мүлгіп тұрғандай көрінді. Тек жұлдыздар ғана жымың қағады.

«Шіркін поезбен саяхат шеккенге не жетсін» деп Гришина терезенің шымылдығын түсіре салды да, купесіне қайта кіріп, жұмсақ төсекке маралдай керіліп, сұлай кетті.

* * *

Гришина поездан түсіп, жан-жағына қарап біраз тұрды да, милиция сержантына келіп:

— Қалалық нәрестелер үйіне қалай баруға болады? — деп жөн сұрады.

— Үшінші номерлі автобуспен Бірінші май аялдамасына дейін барасыз. Сол жерден алыс емес, сұрасаңыз көрсетіп жібереді, — деп милиция сержанты инабатты пішінмен жауап қайырды.

— ...Директормен сөйлесуге келдім. Кабинетінде бар ма? — деді Гришина терезе алдында отырған кексе әйелге жақындай беріп.

— Кабинетінде, кіріңіз, — деп машинка басып отырған секретарь әйел мүйіз көзілдірігінің үстінен сүзе қарады. Осы сәтте ол: «Жасында баладан безіп, желігің басылғасын нәрестеге зар болып жүрген сұлулардың бірісің-ау шамасы. Қай баланың маңдайы жарылып тұр екен?» деп ойлады.

Директордың кабинетіне іркілмей кіріп Ольга Петровна келген шаруасын бастан-аяқ баяндады. Оның тілек-қалауын қабағын шыта тыңдаған Нәбия Есетова:

— Қымбатты Ольга Петровна, сіздің балаңызды өзіңізге қайырып бере алмаймыз, — деді бірден кесіп айтып. — Балаңызды біздің қолымызға берерде: «Баланың тағдыры мен бақытын сіздерге сеніп тапсырдым, қайта алуға талап қоймаймын» деп колхат жазғаныңыз есіңізде ме? Ұмытқан жоқ шығарсыз?

— Ол рас қой. Бірақ баласыз бақыт таппадым. Қезінде әбестікті маған жастық, албырттық істетті. Қателестім, ол кешпес күнә екен. Алешам есіме түскенде ішке-

нім ірің, жегенім желім,— деп көз жасын бұршақтатып төгіп-төгіп жіберді. Нәбия аналық мейірімі түсіп, Гришинаны аяп отыр. Бірақ қазір оған істер көмегі жоқ.

— Балаңыз бізде емес, оның қазір қайда, кімде екенін айтуға правомыз жоқ. Бірақ Алешаның жақсы семьяда дұрыс тәрбиеленіп келеді. Жағдайы көңілдегідей, өте жақсы оқиды,— деді нәрестелер үйінің директоры Есетова.

Директордың сөзін дұрыс түсінбеген Ольга есікті тарс жауып шығып кетті. «Сендей өркөкіректердің талайын тақырға отырғызғам. Енді ісім сенімен түссін» деп іштей кіжінген ол көзін жібек орамалмен сүртіп жөніне жүре берді.

... Күн жексенбі. Гришина ерте тұрып сыланып-сипанып жаңа жауған ақша қарға аунаған қызыл түлкідей сылаңдап көшеге шықты да, салып отырып нәрестелер үйіне келді.

— Бүгін демалыс, ешкімді қабылдамаймыз,— деді тәрбиеші келіншек еркін басып кіріп келген Ольгаға қадала қарап.

— Ғафу етіңіз. Мен Владивостокқа бара жатыр едім. Поезд үш сағаттан кейін жүреді. Осыдан он үш жыл бұрын Алеша деген баламды сіздерге өткізіп кеткем. Соның өлі-тірісін білейін деген едім. Ананың балаға деген махаббатын өзіңіз білесіз ғой. Сіздің де балаңыз бар шығар. Сол Алешаның хабарын біліп беріңізші, құрбым!

— Жоқ, жоқ бізге айтуға болмайды. Ертең келіп директормен сөйлесіңіз,— деп тәрбиеші жөніне жүріп кетті.

— Ғафу етіңіз,— деп Ольга оның алдын орап ала қойды.— Менің жағдайыма түсініңіз. Мен жолаушымын, тек баламның жайын білейін деп қана аялдадым...

«Қап болмас, бейшара ана баласының хабарын білгісі келіп, ұясы бұзылған боз торғайдай шырылдап тұрғаны ғой»,— деп аяп кетті тәрбиеші келіншек.

— Балаңыздың фамилиясы, әкесінің аты кім,— деп сұрады ол.

— Гришин Алексей Иванович.

— Тоса тұрыңыз...

Тәрбиеші көп күттірген жоқ, Алешаның жағдайын тез біліп шығып:

— Балаңыз аман, бір жастан екі ай асқанда Лидия Александровна мен Владимир Васильевич Васиндер

асырап алған. Қазір алтыншы класта оқиды. Жақсы тұрады,— деді.

— Көп рахмет. Шын жүректен аналық алғыс айтамын. Қош-сау болыңыз,— деп Ольга оның қолын қысты. Сосын асығыстық білдіріп кеткісі келіп, есіктің тұтқасынан ұстап тұрып,— ғафу етіңіз ұмытып барады екенмін, адамның қуанғаннан есі шығып кетеді деген рас та ғой. Жүретін уақытым боп қалды, бара алмаспын. Васиндер осында тұра ма? Адресін айтсаңыз қайтеді.

— Баруға болмайды, айта көрмеңіз,— деп табанына шоқ басып алғандай тәрбиеші келіншек ыршып түсті.

— Шырағым-ау, жолаушымын дедім ғой. Поездың жүруіне аз ғана уақыт қалды. Қазір жүріп кетемін. Енді айналып келе қоймаспын бұл қалаға. Васиндердің адресін құпия түрде ұстайсыздар ма? Оларға хат жазып алғыс айтқым келіп еді. Алешамның жылы орнын суытпаймын. Жап-жақсы жүрген баласының жүрегіне қай ана дақ салады. Менің тастап кеткенімді білмей-ақ қойсын.— Гришина тәрбиешіні жылы сөзімен арбап қулық тұзағына түсірді.

— Өте дұрыс, Сізді білмегені жақсы,— деп тәрбиеші Васиндердің адресін айтып салды.— Қаланың шетінде Бейбітшілік көшесі, 291-үйдегі төртінші пәтерде тұрады...

— Рахмет, бақытты болыңыз,— деп Ольга жедел шығып кетті. Қуанышы қойнына сыймай «Бейбітшілік көшесі, 291-үй, 4-пәтер» деген сөздерді ішінен қайталап көшені бойлай жүріп келеді. Ол өзінің алаяқтық әрекетіне риза. «Правом жоқ деп сіресіп отырып алатын бастықтарға жалынғанша, осындай тәрбиешілермен тілдескенім дұрыс болды ғой» деді ішінен Ольга.

* * *

Заводта өткен жиналыс ұзаққа созылып Лидия Александровна үйіне кеш келді. Есікті күйеуі ашты. Оның қабағы қатып жүдеп тұрғанын көріп:

Жүзің сыныңқы ғой, бір жерің ауырып тұр ма, Володя?— деді Лидия.

Владимир Васильевич үн қатпады. Оның түнерген қалың қабағының арасы құрысып, қасірет табы ұшқындаған үлкен көзін сұстандырып тұр.

— Жаным-ау, айтсаңшы не болды саған? Алеша қайда?

— Отыршы, жаным, отыр. Балаң бөлмесінде ұйықтап жатыр.

— Не болды, айтшы тезірек?

— Алеша жаман оқитын көрінеді. Екі, екі... екіден аяқ алып жүре алмайсың. Жиналыс Васиннен басталып еді, Васинмен аяқталды. Міне балаңның «сүйсінер» қылығы осы...

— Алты жыл бойы «төрт» пен «беске» оқыған бала емес пе, не болып қалды оған, сұрадың ба өзінен?

— Сұрадым. Үндемей діңкемді құртты. Асын ішпестен келе төсегіше құлады. Өңі өрт сөндірген адамдай.

— Түнің де біразы өтті, Володя... Дем алып тынығайық, ертең онымен өзім сөйлесемін. Кінә өзімізде, жақсы-жақсы дегенге масаттанып, өз еркіне қоя бердік. Бала деген күнбе-күн бақылауды тілейтін гүл сияқты емес пе? Мезгілінде бақылап су құймасаң, гүл қуаң тартады. Біздің ұлымыз да сондай жағдайда болуы мүмкін...

Бірақ ерлі-зайыпты Васиндердің толқыған көңілдері арпасына түспеді, ұзақ түнді кірпік ілмей өткізді.

Лидия Александровна ертеңгі тамақтарын әзірлеп болысымен әдетінше ақырын басып, келіп Алешаның бетінен сүйді де:

— Тұр балам, сабаққа баратын уақытың жақын,— деді шашынан сипап тұрып.

Алеша бұл жолы бұрынғы әдетінше анасына еркелеп, мойнынан құшақтамады, бетінен сүймеді. Көзін ақырын ашып, қайта жұмды. Лидия Александровнаның жүрегі аузына тығылып, үні кілт үзілді. Сыр білдірместен ас үйге қайта орала бергенде, көңіл бұлты нәсерлеп көзіне жас үйірілді. Бірақ мұны ас үйдегі ақ мысықтап басқа сәкім көрген жоқ. Ұмытылмас бұл құбылыс сезімтал ана жүрегінің бір түкпіріне тығылып тынды.

Шағын семья стол басына отырды. Лидия Александровна рұқсат сұрағандай Владимир Васильевичке көзінің қиығымен бір қарап алып:

— Алеша жаным, сенің бір жерің ауырып жүр ме? Неге реңің келмейді? Оқуың да онша емес,— деп сөз бастады. Сол-ақ екен Алеша орнынан атып тұрды.

— Же-те-ді аз-ап-тағандарың да, оқымаймын! Мә кітаптарың,— деп сумкасындағы заттарын сәкіге соқты. Айтындар, менің туған анам кім?— Ол көз жасына булыға айқайлай сөйледі.

Баланың мына сөзі Лидия Александровнаның жүрегіне жайдың оғындай қадалды. Не айтарын білмей сасып қалған ана ұлының бетіне тесіле қарап біраз отырды да, жүрегін алақанымен басып орындықтан жерге сылқ ете түсті.

— Құдай-ау, мына сөзді естігенше өлгенім жақсы еді ғой,— деп Владимир Васильевич шашын жұлып айқайлап үйдің ішінде әрлі-берлі сенделіп безек қақты.

Таң атпай шыққан айқай көршілерді де аяғынан тік тұрғызды. Бәрі аң-таң.

Осы сәтте еркін басып үйге кенет кірген әйел:

— Балапаным менің,— деп Алешаға ұмтылды.

— Анашым,— деп Алеша оның мойнына асыла кетті. Үй ішіне жай түскендей болды.

— Сен екенсің ғой, менің ұяма өрт салып жүрген,— деп Владимир Васильевич орнынан атып тұрды да, бимәлім әйелді желкесінен алып далаға шығарып жіберді.

Алеша көзіне жас алып есікке қарай жүгірді. Лидия Александровна оның алдын кес-кестеп кұшақтай алды.

— Ма-ма-ма барамын, бо-сат, босат,— деп бар даусымен айқайлады Алеша.

— Балапаным, Алешам, сені алмай кетпеймін,— деп Ольга Петровна көшені жаңғырықтырды. Бірақ жиналған халық баланы үйден шығармады.

* * *

Қазбек Тілеков жұмысқа күндегі әдетінше үйінен ерте шықты. Ол бүгінгі қаралатын қылмыс ісін жұмыс басталғанша тағы бір оқып, күдікті жерлерін анықтауға асығып келеді.

Қазбек қандай іс болса да жете танысып, егжей-тегжейін әбден біліп алғаннан кейін ғана сот мәжілісіне салуға ұйғарады. Сапалы дайындықсыз қаралған істің кемшілігі көп болады.

Кеңсесіне келісімен ол сейфтен істі алып, оқи бастады. Осы сәтте біреу есік қақты. «Тым ерте келген кім екен бұл? Әлде біреуден жәбір-жапа шеккелі адам ба?» деген ой оның назарын есікке аударды.

— Кіруге бола ма?

— Тоғыздан бастап қабылдаймыз. Күте тұрыңыз.

— Мен Курган қаласынан келген жолаушы едім. Аты-жөнімді айтайын: Гришина Ольга Петровна. Мен

келгелі бес күн болды. Бармаған мекемем, кірмеген есігім қалмады. Милицияға, прокуратураға бардым, бәрі де сізге жіберді. Баламды тартып алды. Алып беріңіз,— деп Ольга зәрлап отыра кетті.

Гришинаның бұл сөзі судьяның денесін шымыр еткізді. Заңсыздықты жаны сүймейтін, жәбірленуші адамды бар ожданмен қорғайтын Қазбек Тілсков әйелдің арызын түгел естігенше асықты.

— Отырыңыз, айта беріңіз,— деді ол қарсы тұрған орындықты нұсқап.

Гришина баласы Алеша жайында болған оқиғаны толық айтып берді. Судья алдында отырған әйелдің әр сөзін зейін сала тыңдап алып, өз ойын саспай сөйлеп жеткізді.

— Баламды өзіме алып беруіңізді ғана тілек етемін,— деп жылап отырған әйел көзін сұртті де, Қазбекке қарады.

— Арызыңызды жазып әкелдіңіз бе?

— Жоқ, шала сауаттымын.

— Қалалық Заң консультациясына барыңыз,— деді Қазбек. Кезекші адвокат сізге арыз жазып береді. Бүгін сағат он бірге дейін алып келіңіз.

— Тез қарап бересіз бе?

— Бала тағдырын шешу өте күрделі мәселе, ат үсті шеше салуға болмайды. Арызға байланысты қосымша деректер жинаймыз. Алдымен баланың екінші ата-анасын шақырып әңгімелесеміз, содан кейін оқу бөлімінің инспекторы арқылы таласушы екі жақтың үй тұрмысын, семья жағдайын тексеріп, оның қорытындысын алғызамыз. Істі қарағанда міндетті түрде қалалық оқу бөлімінің өкілі мен прокурор қатысады...

— Рахмет,— деп ілтипат көрсетті де, Ольга шығып кетті.

...Көп кешікпей Гришинаның арызы бойынша сот мәжілісі жүргізілді. Азаматтық іс жүргізу процесіне сай сөз әуелі талап қоюшыға берілді. Орнынан ауру адамдай ауыр көтеріле тұрған Гришина сот құрамын шолып алды да, сөзін өмірде көрген жапа-жәбірінен бастады.

— Мен өмірде бақытсыз болдым. Сыртым ақ қайындай сау болғанымен ішім шірік. Жастай жетім қалдым, ата-ана тәрбиесін көрмедім. Балалар үйінде тәрбиеленіп өстім. Адамға жөн табу қиын ғой. Қөңіл қосып, жүрегімді меңгерген жігітім маған күн көрсетпеді. Ол

жұмыс істегісі келмеді, ұрлық істеп, арақ ішті, ақшаны қардай боратып шашты. Еңбексіз кірген кіріс, судай ағып жатты. Тоқтауы болған жоқ, аға берді. Ақыры, екеуміз де жаза алып айырылысып, екі жаққа кеттік. Сотталғанымна налысам да одан құтылғанымна қуандым. Біздің үкіметіміздің анаға, балаға деген қамқорлығына көп рахмет. Екі қабат болғандығым ескеріліп, жеті айдан кейін бас еркімді алдым. Сөйтіп, осы Петропавлдағы теміржолшылардың әйелдер босанатын үйінде Алеша дүниеге келді. Әйелдер босанатын үйден шыққасып жағдайым ауыр болды. Сондықтан баламды пәрестелер үйіне тапсырдым. Содан бері он үш жыл өтті. Ұлымды қайырыңыздар, менің бақытым, болашағым мұнымен байланысты. Балаға деген ана махаббаты өздеріңізге белгілі ғой, сотқа сеніп келдім. Жаралы жүрегімнің емі осы бала ғана. Лидия Александровна мен Владимир Васильевичтерге де ауыр болатынын біліп тұрмын. Басқа лажым жоқ. Олар екеу, мен жалғыз. Мәпелеп туған баласындай өсіргендеріне аналық алғысымды шын жүректен білдіремін. Сіздерден жалбарына сұраймын баланың да болашағын ескеріңіздер...

Келесі сөз Лидия Александровнаға берілді. Ол сөйлегенде өзін байсалды ұстап ойын жинақты айтты.

— Біз балаға зар боп жүргенде осы Алешаны бауырымызға салдық. Он үш жыл туған баламыздай тәрбиеледік. Біздің ендігі бақытымыз Алеша. Көзіміз тірісінде баланы бергіміз келмейді. Сот алқасынан Алешаны бізге қалдыруды өтінемін,— деді Лидия Александровна көзіне жас алып. Әйелінен кейін сөйлеген Владимир Васильевич:

— Баламызды өзімізге қалдырыңыздар, бар айтарым осы,— деп орнына отыра кетті. Оның кеудесін кернеген ашу бойын безгектей қалшылдатып әкетіп барады.

Куәлер сөйлеп бала тағдыры шешілетін уақыт жақындады. Сот Алешаны шақырып, кімге барғысы келетінін сұрауды ұйғарды.

Ақырын басып залға кірген Алеша сот алдына келіп тұрды. Судья Алешаға не үшін шақырғанын түсіндірді де:

— Кімнің қолында болғың келеді?— деп сауал қойды.

Бала жұлып алғандай:

— Туған анама барамын,— деді де жүгіріп барып, Гришинаны құшақтап, сүйе бастады. Осы уақытқа дейін

судьяның ой таразысында Васиндер жағы баса беретін сияқты еді. Енді іс қиындай түсті. Мұны әділ шешу соттың қолында.

... Нағыз тартыс шешім шығаратын бөлмеде басталды. Ерлі-зайыпты Васиндер Алешаны титтей күнінен алып он үш жыл мәпелеп өсірді. Бала не киемін, не ішемін демеді. Ал туған шешесінің жазығы не? Далаға тастаған жоқ, тәрбие орнына берді. Енді міне Алеша есейіп, оңы мен солып тапштындай болды. Бүгін ол туған анасының қолына барғысы келеді. Егер сот оның тілегін қабылдамай Васиндерге қалдырса болашағы қандай боп кетеді. Васиндердің семья жағдайынан да бала тағдыры ауыр. Есейген бала өз жөнін тауып тұр. Оны басқа бағытқа бұруға бола ма?

... Сот шешімі хабарланды. Алексей Иванович Гришинді оның туған анасы Ольга Петровна Гришинаға алып беруге деген сот шешімі шығарылды.

Лидия Александровна сот шешімін дұрыс ұғып, ашудың артын ақылға жеңдірді. Алешасы туған шешесіне шынымен кетіп бара жатса да аналық мейіріммен ұзатқан қыздай жөнелтуге ұйғарып, оның барлық киім-кешегі мен төсек-орнын беріп жіберді. Тек қана төрде ілулі тұрған портреттеріне тимеді.

* * *

... Күндер, айлар жылжып өте берді. Міне тағы бір көктем жасыл желегін жайып салды. Осы көктем күндерінің бірінде үйінде жалғыз қалған Лидия Александровна ойға шомды. «Алеша жапым, он жетіге аяқ басты, қазір не істеп жүр екен?» деп өзіне-өзі сауал қойып төрде ілулі тұрған Алешаның суретіне қарады. «Жақындап жүзін анықтап көрейінші» деп ойлаған ол орнынан тұрып, ілгері жүрді. Осы сәтте қарсы алдында тұрған шифоньердің айнасына көзі түсіп кетіп еді, өз түрінен өзі шошып тұра қалды. Алқызыл шиедей нар жүзі қуарып, бозаң тартыпты. Ұшқындап жайнап тұратын көкшіл көзінің жанары да күңгірттеніп кетіпті. Оқтаудай тіп-тік шымыр денесі де солып, босай түскен сияқты. Самай шашын қырау басыпты. «Мына кейпімді көрген адам сүзек дертімен ауырған екен деп ойлайды-ау. Бәрі сенің қайғың, Алешажан! Сен кеткелі үш көктем өтті. Ақылың да толысты. Амал не, «мамочка» деген бір ауыз сөз жолдама-

дын. Неткен катыгез бала едің. Сені осылай тәрбиелеп пе едік?» деп Алешаның жансыз суретімен үнсіз тілдесті де, ауыр ой басқан жүрегін жеңілдеткісі келгендей ашық тұрған терезе алдына барып, көктемнің таза ауасымен кеудесін кере дем алды.

Осы сәтте біреу сыртқы есікті қақты.

Келген Владимир Васильевич екен.

— Сонша неге кешіктің, мәжілістерің жаңа бітті ме?— деді Лидия Александровна күйеуі үйге кіре бергенде.

— Өңкей шешендер жиналыпты. Бірінен кейін бірі сөйлеп еді, қойғыза алмадық,— деп Владимир сырт киімін шешіп жатқанда телефон шылдырлап қоя берді.

— Алло, алло... Қайданмын дейсің? Кімсіз?— деді Лидия Александровна абыржып, түсі бұзылып.

— Васиннің пәтері ме?

— Ия, ия.

— Қалалық милиция бөлімінің кезекшісімін, сіздің балаңызды ұстадық.

— Қай баланы?— Лидияның өңі бұзылып кетті.

— Неше балаңыз бар еді?.. Алексей Васинді айтамын... Тез келіп алып кетіңіз, болмаса жауып тастаймын.

Лидия Александровна талықсып кетіп, телефонның трубкасын күйеуіне ұстата берді.

— Ало-ло, ал-ло, не дейсің?— деді Васин ештеңеге түсінбей.

— Сәлеметсіз бе, Владимир Васильевич! Бақшада бір азаматты тонамақшы боп тұрған жерінен сіздің балаңызды ұстадық. Ішкен көрінеді, келіп алып кетіңіз,— деді милиция бөлімінің кезекшісі капитан Сұлтанов.

Ерлі-зайыпты Васиндер тез киініп қалалық милиция бөліміне жеткенше асықты. «Алешаны алып кетіңіздер» деген хабар оларға бейне бір түстей көрінді.

Васиндер дабыр-дұбыр милиция бөліміне кіріп келгенде Алеша орнынан атып тұрып:

— Па-па, кешір!— деді де әкесінің мойнына асыла кетті. Владимир Васильевич те оны айқара құшақтады.

— Бала-паным,— деген Лидия Александровнаның даусын естіп, Алеша анасына құшағын жая ұмтылды.— Құлыным, қайдан келдің? Көзім тірісінде бір көрдім ғой, енді арманым жоқ.

— Сіздердің маған деген махаббаттарыңызды жас-

тықпен сезбеппін, кінәлімін, кешіріңіздер! Әдейі іздеп келдім,— деді Алеша.

Милиция бөліміндегілер аң-таң, ештеңеге түсінбей отыр. Сұлтанов баласын әке-шешесіне табыстырғаннан кейін Владимир Васинге орындық ұсынып сөз бастады.

— Ішіңкіреп алғанын өздеріңіз де көріп тұрсыздар. Жаксы адамдардың баласы ғой, өздері тәртіпке шақырар деп сіздерге хабарлауды мақұл көрдік,— деп қабағын түйіп үлкен көзін Алешаға қадай қарады кезекші милиционер.

Орта бойлы, толықша келген қара торы жігіттің адам тағдырын байсалды шешкеніне риза болған Васиндер Сұлтановқа көп рахмет айтып үйлеріне зор қуанышпен қайтты.

* * *

Васиндердің семья қуанышы қайта оралғандай болды. Лидия Александровна тамақ дайындап жүріп, баласына қайта-қайта қарайды. Алешаның бойы өсіңкірепті. Бұрынғы жіңішке даусы қазір өзгеріп гүрілдеңкірей түскен. Әр сауалға ойлана жауап бергеніне қарағанда, ептеп өмір жолдарын көрген сияқты. Алыс жақтан келген жолаушыдай үстін кір басқан. Петропавлдан кеткен соң оны ерке өмір өріне отырғызбақ түгіл, шоқтығына да қолын тигізбегендей көрінеді. Ата-анасы оның жайын сезгенмен сұрауға бата алмады. Бірақ сөзді Алешаның өзі бастады.

— Қымбатты ата-ана, сіздер ғафу етіңіздер менің тағдырым осылай болды,— деп Лидия Александровнаға Алеша балалық мейірімімен қарады.— Анау жолы сотта туған анам «сыртым ақ қайындай сау болғанымен ішім шірік» деп еді ғой. Бұл сөзді сол күні сіздер де естідіңіздер. Расында да іші шірік екен. Оны Құрганға барғасын сездім. Біз барып түскенде бір топ адам қарсы алды. Менің құрметіме дастархан жайылды. Тойдың басталуы мүң екен бір жетіге созылды. Қарсы алғандардың ішінен маған «әке» де табылды. «Әкемнің» түрі адам қорқатындай өзгеше екен. Бір ерекшелігі қалтасында ақша сабан сияқты. Ол маманың да басын әбден айналдырып алған, айтқанын екі еткізбейді. Мені де өз жетегіне алды. Ақыры мен оқу оқымай қойдым. Әке-шешеме дүкеннен арақ, тамақ әкелетін қол бала болдым. Күнде той, күнде думан. Неткен өмір екенін де сезбедім. Бір күні мамамды

сотқа шақырды. Артынан мен де бардым. Құдайдың қос қолдап төбеден ұрғанын көзіммен сонда көрдім. Алты жігіт, мамам жетінші болып сот алдында отырды. Бір-неше магазиннің дүниесін ұрлаған екен. Ал мамам солардың нәрсесін сақтаушы, сатушы болып шықты. Сотта кінәлары мойнына қойылды. Бәрін соттады. Олардан үйреніп қалған мен арақты мол іше бастадым. Ұрлыққа да араластым, айтуға жүрегім айныды. Ұрының жолы тар, өмірі қараңғы екенін енді білдім. Бар шыны осы. Кешіріңіздер, адастым. Менің ар-ұятыма сенсеңіздер сіздермен бірге болайын, енді барар жерім жоқ...

— Айналайын, өткеннің бәрін ұмыт, болашағыңды ойла, тура жолға түс,— деп Алешаға ақыл айтты Васиндер. Сүйікті ата-ананың бұл сөздері оның жүрегіндегі жарасын сылып тастап, тұла бойын дерттен айықтырып жарқын жолға салғандай болды.

Алексей аз күн дем алғаннан кейін заводка слесарьлық жұмысқа кіріп, еңбек қадамын шәкірттіктен бастады. Күзде кешкі мектепке барып жетінші класта оқыды. Сөйтіп, ол жаңа өмір жолына түсті. Жылдар өте берді. Алеша сонау көкжиекке көз жіберді. Бакыт іздеді...

* * *

Завод клубында жиналыс жүріп жатыр. Халық судьясы Қазбек Тілеков сайлаушылар алдында өзінің істеген жұмысы жөнінде есеп берді.

Жиналыс аяқталып, халық тарай бастады. Қазбек ұзын коридормен сыртқа қарай беттеді. Сол сәтте оған Лидия Александровна кездесе кетті. Ол ескі тапысын көргесін кідіріп, сыпайы амандасты.

Қазбек Тілеков сіздің есебіңізді тыңдау үшін бар семьямызбен келдік,— деді Лидия Александровна Тілековке күлімдей қарап. Осы кезде Владимир Васильевич, Ольга Петровна, Алексей де Қазбектің қасына келді. Владимир Васильевич судьямен амандасқаннан кейін:

— Міне, алдыңызда Алешаның екі бірдей анасы тұр, Ольга Петровна Қурғаннан көшіп келген, қазір Петропавлда тұрады. Алешамыз үйленді. Өткен жазда семьясына Вера, Надя деген егіз қыз қосылды,— деді.

— Егіз қыз қос ана таласпау үшін тугаң гой,— деп Тілеков шын көңілінен рахаттана күлді. Сосын ол жүзін Алексейге бұрып:

— «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің». Сен енді бақыттысың, Алеша,— деді.

Расында, Алеша бақытты еді. Бүгін ол ата-аналарының ғана емес, бүкіл Отанының ұлы мақтанышы, өйткені Алексей заводтың маңдай алды инженері әрі рационализаторы.

ШЫНДЫҚ СЫРЫ

Түн көрпесі бар әлемді айқара құшағына алғандай тым-тырыс. Қыбырлаған жәндік, қимылдаған жан жоқ. Табиғат та мүлгіп, маужырап тұр. Жатқандардың селт стер бірі жоқ. Анау шеттегі жуан қара қорылдап, камераны басына көтереді. Басқалары құлақтары керең болғандай оған да елең етпейді. «Шіркін ұйқы-ай, сен де адамның бір дұшпанысың, кезінде жауга ұстап та бересің» деген ойда отырған Баймұраттың да көзі ілігіп кетті...

... Әлден уақытта конвой келіп оны камерадан алып шықты. Ол екі қолын артына қайырып салалы саусақтарын айқастыра ұстаған. Қылмыс істеп, тұтқынға түскен адамның қолдарын қаусырып артына ұстау заңды тәртіп. Баймұрат күн көзіне жүзіп тосып, байсалды басып келеді. Қараңғы бөлмеде тығылып отырғаннан да күн ұзақ осылай жүре берсем деп қояды.

Екі ай бойы жанын жегідей жеген ой оның реңіп алып, ессесін түсіріп жіберген. Жүзі күзгі гүлдей солып сарғая бастапты. Оған үміт жұлдызы да алдамшыдай көрінеді. Ол бірде жарқ етіп, селт еткізсе, бірде ғайып боп кетеді. Бірақ Баймұрат үмітін үзер емес, сондықтан да ол артында келе жатқан конвойды елемей асықпай жүріп келеді. «Бір кателік жасадың, кешірдік. Енді үйіне бара бер деп милиция тергеушісі бүгін босатып жіберер» деген ой жетегінде. Кінәсіз адамды тергеушінің өзі-ақ түрмеден босататынын жақсы біледі. ол. Конвой Баймұратты тергеушінің кабинетіне алып келді. Тергеуші капитан қарсы алдына оны отырғызып жаратпаған ниетпен шұқшия қарады. Капитанның суық жүзі әділдіктің жаршысы, шындықтың иесі менмін деп тұрғандай.

— Тергеу бітті. Материал толық жиналды. Дәйектер жеткілікті. Тергеу материалы не бары қырық үш-ақ беттен құралған. Міне танысыңыз,— деді тергеуші Баймұратқа істі ұсынып. Алдында жатқан «Беломордың» біреуін алып тұтатты да, үзілген сөзін жалғастырды.— Тергеушінің алдын талай көріпсің, адвокаттың қажеті болмас, шақыр десең қазір телефон соғамын.

— Заң бойынша тергеу біткеннен кейін айыпталушыға істі таныстырғанда адвокат та қатысып отыруға тиісті емес пе?

— Заң бойынша адвокат жасы кәмелетке жетпеген не болмаса кем-тар адамдардың ісіне қатысуға міндетті.

«Адам тағдырын шешуде қылмыстың ірі, ұсағының айырмасы жоқ, есіңізде болсын, жолдас тергеуші. Өзім-ақ оқып шығамын. Бірақ сотта адвокат керек. Қаулының соңына менің көзімше жазыңыз.

— Тілегің орындалады,— деп тергеуші қаламын алды да, қаулының соңғы бетіне айыпталушының сотта адвокаттың қатысуын талап ететінін жазып қойды.

— Мен асықпай оқып шығайын рұқсат етесіз бе?

— Оқы.

Баймұрат істі жедел оқып шықты.

— Іспен өзім таныстым. Адвокат сотта қатысса болды. Ешбір тілек-шағымым жоқ,— деп сәл ойланды.— Жақсы жазылған. Құрастырылуы әдемі-ақ. Меніңше, желімі нашарлау сияқты. Сотқа жеткенше қопарылып қалмас па екен, азамат тергеуші? — деді түрмедегілердің тілімен жолдас деудің орнына азамат деп.

— Шашылмайды. Цементпен бекітілген, айыпталушы Жетпісов.

— Шындық қара тасты да қақ жарады, көрерміз. Шыдайық, уақыт көрсетер әлі.

— Қалай ұқсаң да өзің біл. Бұл нағыз шындықтан құралған іс.

— Сіздің правоңыз мол, сіздің қолыңызда күш бар. Бірақ ол шындықтың, әділдіктің кілті. Жазықсызды босатып, кінәліні жазалайды.

— Ешбір сот сені ақтай алмайды. Әділ жазадан адым аттап кете алмайсың. Айтар ақылым: мені құдай ұрды, қара басты, мас едім деп сотта ағыннан жарыл. Кешірім сұра. Әділ заңның аяғына жығыл. Текке басынды қатырма, басқаларды да әлекке салма, әдепсіздік істеп қай-

— Мен кінәлі емеспін, судья,— деді Баймұрат.

Соңғы екі сөзді тамағынан біреу қылқындырып тұрғандай, булығы, әрең айтты. Оның үлкен қара көзінен ыстық жас тамшылап қоя берді.

— Сабыр етіңіз, сотталушы азамат,— деді судья баяу үнмен.

Сотталушы елең ете қалды. Екі айға жақын тергеуге түскеннен бері «азамат» деген сөзді тұңғыш естігені. Иә, бұл сөз оған сүйгенінің атындай саңқ етіп, аяулы жанына жылу, бойына қуат қосқандай болды.

— Га-фу етіңіздер, азамат судьялар,— деді сотталушы бойын билеп алғаннан кейін. Көз жасын жеңімен сүртіп, «кешіріңіздер» деп жас баладай тағы да жылады. Ішкі дертін сыртқа шығарғасын Жетпісов пальтосы қалай ұрланғанын нақышына келтіріп айтты.

... Апрель. Күн жексенбі. Баймұрат өзінің жолдасы Садуақасты ертіп алып, қаладағы теміржолшылар клубына биге келген-ді. Клубқа жиһалғандар асқақтата ой-наған оркестрдің сазымен билеп жүр. Баймұрат пен Садуақас та бір биді бос жіберген жоқ. Кештің ақырына дейін сайрандап жүрді де, жұртпен бірге киім ілгішке келді.

Баймұратқа жағасы мен жеңдерінің мақтасы жалбырап тұрған май-май фуфайканы ұсынды киім қабылдап-үлестіруші әйел.

— Гафу етіңіз, бұл менің киімім емес,— деді ол әйелге тесіле қарап.

— Киім ілгіште қалған жалғыз осы,— деді әйел май сіңген фуфайканы ұстап тұрып. Баймұрат жолдасы Садуақасты, киім қабылдап-үлестіруші әйелді ертіп клубта жүрген милиция сержантының бастауымен милиция бөліміне келді.

— Үстімдегі москвич пальтомды, қара цигейка құлақшынымды, қызыл-жасыл түсті шарфымды, бес саусақ былғары қолғабымды алып кетіпті киім ілгіштен. Тапқызып беруіңізді сұраймын,— деді кезекшіге ол. Милиция кезекшісі акт жасады. Баймұрат арыз жазып актыға қоса тапсырды.

Тоңып қаларсың деп аяныш білдірген милиция кезекшісі Баймұратты машиннамен үйіне әкеп салған болатын. Міне, сол оқиға әлі бүгінге дейін көз алдында.

Костюмшең келген Баймұратқа анасы Бәтима есік ашты.

— Кұлыным-ау, жалаңаш жүргенің не?— деп таңырқанды шешесі.

Ол анасын мазаламайын деген оймен үн қатқан жоқ. Болған оқиғаға өзі де танданып байыбына жете алмай дел-сал. Төсегіне жатып еді көпке дейін ұйқысы келмеді. «Қандай жылпос, іліп кетті пальтомды?» деген ой оның мазасын кетірді.

Өмір қызық қой. Енді ұры өзі болып, сот алдында айыпталып отыр. «Сен киіміңді өзің алдың да киім ілгіштің номерін қайырмадың. Кейін киіміңді Таласпек Түлкібаевқа саттың. Құлақшының мен шарфың Таласбектің үйінен шықты. Киіміңнің құны үшін 150 сом ақшаны сот арқылы клубтан өндіріп алдың. Бұл — нағыз алаяқтық» деп айыптаған тергеуде.

Өтірікшінің шын сөзіне де ешкім сенбейді ғой. Сол сияқты Баймұраттың үш рет сотталып алаяқ атануы бұл жолы да маңдайына тиіп отыр. Міне, енді пальтосының, құлақшының, қолқабышың, шарфының жоғалғанын дәлелдей алмай өзінен өзі торға түсті. Сол күннің куәлері де бар. Олар да мұның сөзін сөйлеп шындық үшін күресіп жатыр. Киім қабылдап-үлестіруші Балкия Баяхметова клубқа бірге барған Садуақас Сағымбетов, милиция қызметкерлері сол кеште оның киімін біреудің алып кеткенін нақтылы растаса да Баймұраттың досы алушы Таласбектің жауабы керісінше болды.

— Баймұрат өзінің күрең пальтосын, құлақшынын, шарфын маған 60 сомға апрель айында сатқан. Мен ол пальтоны ақша керек болған соң базарға шығарып, бейтаныс адамға 50 сомға сатып жібердім. Құлақшын мен шарфты милиция қызметкері біздің үйді тінткенде шығарып алды. Баймұрат жасымнан бірге өскен аяулы досым. Арамызда иненің жасуындай араздық жоқ. Үй-ішімізбен татумыз. Айтып тұрғаным ақиқат,— деп Таласбек тамағын кенеп сөзін жалғастырды.— Бір-бірімізге жақсылықтан басқа, жамандық ойлап көргеміз жоқ. Адамгершілігін табанына баспаса Баймұраттың өзі айтсын.

— Бірақ мен Таласбекке киім сатқаным жоқ. Неге жала жабатынына көзім жетпейді,— деп қынжылды да Жетпісов:— Таласбек, неге өтірік айтасың?— Не болды саған? Айт шыныңды әділ сот алдында. Неге кінәсіз жанды түрмеге жаптырып тұрсың?— деді Баймұрат досына тесіле қарап.

Жетпісовтың киімдерін сатып алғаныңда қасыңда кім болды?

— Ешкім де болған жоқ, ата-анам да білмейді.

— Ақшаны қайдан алдың?

— Еңбекақымнан төледім.

— Қай жерде қызмет істейсің?

— Депода слесарьмын. Айлық ақым 100—120 сом.

Сот Түлкібаевтың ата-анасының бірін шақыруды мақұлдады.

— Менің жасым елуден асты,— деді орта бойлы, қараторы әйел.— Атым Сабира. Өмірі соттың, милиция кеңселерінің табалдырығын аттаған жан емен. Сотқа шақырады дегенде талып түсе жаздадым. Не болып қалды, Таласбегім бірдемеге ұшырады ма деп зәрем кетті. Енді не айтарымды білмей тұрмын.

— Сіздің балаңыз бен сотталушы Жетпісовтың қандай қарым-қатысы, өзара байланысы бар?— деді судья байсалды жүзін өзгертпей, жұмсақ, дауыспен.

— Менің Таласбегім мен Баймұрат жасынан бірге өсіп, біте қайнасты, Мектепте де бір класта оқып, бір партада отырды. Ағалы-інілі адамдардай,— деді әйел сабырмен.— Екеуі бірге жүріп, бірге жатады. Бірінің киімін бірі киіп те жүре береді. Сенікі, менікі жоқ. Баймұрат біздің үйге келмегелі екі айға жақындап қалды. Мен Таласбектеп бір күні:

— Ол неге келмей жүр, араздасып қалдың ба?— дегенімде:

— Командировкаға кетті,— деді. Түрмеде отырғанын естісем құлағым керең болсын. Айтып тұрғаным ақиқат деген ишаратпен қарады судьяға ана.

— Сіздің Таласбегіңіз пальто сатып алды ма?

— Жоқ. Оның пальтосы бар. Қарағым-ау, оның пальто аламын деген үш ұйықтаса ойында жоқ. Қысты күндері Баймұраттың шолақ пальтосын киіп жүргенде пальтодан да москвич қолайлы, жеңіл деп айтқан болатын.

— Балаңыз пальто сатып алып, сізге айтпаған болар?

— Оны айта көрмеңіз. Алған ақшасын үйге түгел әкеп тұрады, темекі, киноларына қалдырғаны болмаса. Пальто сатып алу, шұлық сатып алу емес қой.

— Милиция үйіңізден қандай нәрселер алды?

— Біз шалымыз екеуміз моншаға кеткенде милиция келді деген. Ештеңе алған да жоқ шығар.

— Түлкібаев, анаңыздың жауабына не айтасыз?
— Мамам дұрыс айтады. Бірақ менің пальто сатып алғанымды ол білмейді.

Ақшаны қайдан алдыңыз?

— Еңбекақым.

— Еңбекақысын түгел әкеп тұрады. Пальто алса бізден тыс алмайды. Таласжан, өтірік өрге жүрмейді. Пәле салма. Шынынды айт,— деп Сабира баласына көз қадады. Сосын жүзін Баймұратқа аударып, ауыр күрсінді. Ана ыңғайсыздана бастады.

— Мамам шатастырып тұр. Мен рас айтамын,— деп Түлкібаев құныға сөйледі. Реңі нұрланып, екі беті албырап, қалқан құлақтарына дейін қызара түсті.— Пальтоны сатып алуым рас, алжыған кемпірдің сөзіне мәп бермеңіздер.— Даусы қырылдап, тілі күрметілді. Басын жоғары көтермеді Таласбек.

Баймұраттың жүрегі аузына тығылып, кірпік қақпастан тындап отыр досының дәлелсіз сөздерін. Екі беті күйіп-жанып барады. Қуә сотталушының сыртында жауап беріп тұр. «Неге қарсы қойып, бетпе-бет сөйлеспеді сотта?» «Бет көрсе жүз ұялады» деген емес пе? Мүмкін жауапты бұлай бермес те еді?» деп ойлады Жетпісов іштей.

— Қай айда сатып алдың?— деп судья Таласбекке қарады. Оның ішкі құбылысын көз жанарынан байқап ұқпақшы.

— Март айының екінші жартысының ақшасына алғанмын.

— Азаматша Түлкібаева, бұған не айтасыз?

— Астапыралла, мынауың не, қарағым?— деді ана баласының сөзіне таңқалып. Сабира аздан кейін даусы дірілдеп сөзін қайта сабақтады.— Март айының екінші жартысының ақшасына әкең базардан 50 сомға қара қойды сатып әкелгені қайда?

— Шындықты айт,— деп Баймұрат бір басып қалды. Ол тоңған адамдай қалшылдап, дірілдеп кетті. Сосын жүзі отқа түскен темірдей қызара жөнелді.

— Рас шыным, сол, шындықты айтамын,— деп шпрай түсті Түлкібаев.

Бұдан кейін де ерсілі-қарсылы кесе көлденеңнен сұрақтар қойып, шындықты іздестіріп жатыр сот құрамы. Түлкібаев жалтаққа салып, құмыға, қызара жауап берді.

— Тиянақтылық та, шындық та осы,— деп қояды

арасында Таласбек шып-шып шыққан маңдай терін орамалмен сүртіп.

— Отырыңыз,— деді судья оған алдыңғы қатардан орын ұсынып.

Түлкібаев бұрыштағы орындыққа солғын отыра кетті.

— Балаңыз құлақшынды қашан сатып алды? — деп сұрады Жетпісовтың анасынан судья Әміржанов.

— Баймұрат өзі сатып алған жоқ,— деді ана көзінің жасын орамалымен сүртіп. — Өткен жылы ноябрьде әскер қатарындағы Бекмұрат деген ағасы әкеп берді. Толық бір қыс та киген жоқ. Шарфты өткен күзде сатып алған.

Сот председателі екі жағында отырған заседательдермен сыбырласты да, бес минут үзіліс жариялады.

Бес минут үзілістің де сот мәжілісінде терең сыры барды. Судьялар кабинетке келді. Бәрінің ойы бір. Баймұрат кінәлі ме, жоқ па? Түлкібаевтың жауабы рас па? Әлде оның анасы сотталушыға жанашырлық білдіре ме? Басқа куәлердің сөздері қандай болады? Міне, осының бәрін анықтап талдау керек.

Мұса судья болғалы талай уақыт өтті. Әр істің байыбына барып, терең талдау жасап, шындықты жете іздестіру әдеті болатын. Сотталушының сөздерін айыптау қорытындысымен ұштастыра отырып, бар дәйектерді сгжей-тегжейлі талдау басты міндет. Судьяның бас ұраны: күдіктену. Әрқашан күдіктену.

Міне, Мұса бүгін де сол ұранды бетке ұстап отыр. Істе күдік көп. Бір дәйекті екіншісі жойып жатыр. Әлі де тексеру керек. Терең зерттей түскен жөн. Қосымша дерек тауып бәрін бекіту қажет. Мұсаның қазіргі ой түйіні осы.

— Енді біз құлақшын мен шарфты тексеруіміз керек,— деді Мұса заседательге.— Ол үшін облыстық сауда басқармасынан арнаулы білімі бар маман эксперт шақырсақ жөн болады.

Заседательдер Мұсаның бұл ойына келісті.

* * *

Келген эксперт орта бойлы, аққұба келіншек облыстық сауда басқармасында бас товаровед екен. Әуелі ол соттағы іспен танысты. Сотталушыдан құлақшын мен

шарфты қай жерден, қашан сатып алғанын сұрады. Сот құрамының қойған сұрағына жауап беру үшін облыстық кездеме базасына хабарласу керек болды. Заттарды айыра білетін көптеп қызмет істеп келе жатқан, іскер маман екені көрініп тұр.

Бірінші сұраққа солтүстікте болатын қыс мерзімінен алғанда «үш қыс киілген құлақшын» деп тұжырым жасалды. Себебі құлақшынның желкесі, екі құлағының шеттері, маңдайының түктері түскен.

— Құлақшынның размері қанша?

— Размері 59.

— Сотталушы Жетпісов, нешінші размерлі бас киім киесіз? — 57 размер.

Эксперт Жүсіпова оның басын өлшеп Жетпісовтың бұл сөзін анықтады. Құлақшынды оған кигізіп еді, қолпылдап бос қалды.

Залда отырғандар ду күлді.

Алдыңғы қатарда отырған Түлкібаев қана күлген жоқ. Қызарып кетті. Төмен қарап, қабағын түйді. Көзінің қиығын сот құрамынан алмады. Оны басқа ой билеп, тыным таппай отыр.

— Мұндай шарф өткен жылдың күзінде Москва тұбіндегі Павлопасаф фабрикасынан біздің базаға түскен. Сол он мың шарфтың үш мыңы қалада сатылған,— деп эксперт қандай документ бойынша түскенін дәделдеді.

«Қырық үш бет қағаздан құралған іс екі күнге созылды. Күдікті дәйектердің бәрі зерттелді. Енді қорытынды шығаруға болады» деп Мұса іштей шешті.

Мұнан кейін жарқ еткен жақсы не сырт қалған күдікті ойды ешкім де айта алмады. Сот тергеуі аяқталды. Сотталушыға ақырғы сөз берілді.

— Менің кішәм бұрын талай рет тұтқында болғаным, сот алдын көргенім. Соттың үкімді әділ шығаруын тілеймін. Бұл жолы кінәлі емеспін... Еңбек етіп жақсылар қатарына қосылғым келеді. Күш-жігерім жетеді оған... Жастықта істеген қателігімді қайталамай, адал еңбек етуге бет бұрдым. Соттың әділдігіне сенемін...

Сот алқасы шағын кабинетке ауысты. Мұса кабинеттің үлкен терезелерін ашып тастады. Күн терезе алдында өскен биік теректің басынан төмен құлап барады. Күндіз ағаш жапырақтарын жерге ұшырған жел де тына қалған. Терезе алдында өскен шыршаның басына уыздай сары шыбышық келіп қонды. Бір сәтте «сендер бұл істі

калай шешейін деп жатырсындар?» дегендей, мойнын созып, жылтындап терезеден қарап қойды.

Үш судья. Үшеуінің мамандығы, қызметтері үш түрлі. Бірақ бүгін үшеуі де тең судья. Оның бірі—юрис-маман, қалған екеуі халық өкілі. Әділдіктің, шындықтың өкілі. Екі күн кірпік қақпай, талмай іздеген шындықты бүгін Қазақстан Советтік Социалистік Республикасы атынан жариялаулары қажет. Ол үшін сот процесінің жауапты кезеңі — үкім шығарғанда өте әділ болулары керек.

Мұса қатар отырған екі судьяға жауапкершілікті, әділдікті тағы да ескертті. Іс жайын қорытып, айыптау үшін қандай дәйектер барына тоқталды. Сәл кідіріс жасады.

— Қандай шешім шығарамыз, енді өздеріңіз айтыңыздар? Кінәлі ма сотталушы?— деді ол.

— Сіз айтыңыз,— деді заседательдердің бірі Мұсаға үлкен сенімділікпен қарап. «Сіз не десеңіз, соған келісеміз» деген ойы көзінен сезіліп тұр.

— Заң бойынша судья өз шешімін ең соңында айтуға тиіс. Дауысты да ең соңында береді.

— Біз оны жақсы білеміз. Бірақ сізге сенеміз.

— Сенімдеріңізге үлкен рахмет, бірақ заңға бағынуымыз керек.

— Кінәлі, емес,— деді екінші заседатель.

— Босату керек,— деді біріншісі нақыштап.

— Сотталушы кінәлі емес,— деді Мұса да.

Жетпісов Баймұратты сотта ақтауға, жедел тұтқыннан босатуға деген үкім шығарылды. Оған қосымша кінәсіз адам үш айға жақын тұтқында отырғаны ескерілді. Қылмыспен күресу — кінәсізді жазалау емес, қылмыстыны жазалау. Осы жөнінде сот жеке ұйғарымды шығарды. Бұл социалистік заңды бұзу деп бағалап, қалалық партия комитетіне жеткізілсін деп шешті.

— Сіздерге көп рахмет,— деген сөзді Жетпісов булыға айтты да, жас баладай еңіреп отыра кетті.

Сот алқасы кабинетке кіріп кеткенде Баймұрат асыл апасын қолтықтап еркін басып жүре берді. Міне, бұл әділдіктің күші еді.

* * *

Бой жазып, серуендеп қайтуға Мұса далаға шықты. Таза ауаны кеудесін кере жұтса да, ой салмағы жүргізбей оны кейін тартады. Көз алдында күндізгі екі достың

бейнесі. «Жастарынан бірге өскен екі жігіт неге бірін-бірі қазған орға итеріп жіберді? Бір анадан туған егіздей екі дос неге шекісіп қалды? Арамызда ашу жоқ. Тату-тәтті көңіл бар дегеннен басқа сыр сезілмейді. Бұған күмәндануға бола ма? Болса ата-аналарының байқауы керек еді. Олар бұл жәйтті бекіте түседі. Сонда себебі не бұл сырдың? Әлде алмастай өткір жастықтың албырттығы ма? Мүмкін ұры — Баймұраттың өзі. Онда бүгінгі сот шешімі қате. Үкім әділ емес, қате үкім... Жоқ пағыз әділ үкім. Бұл шешім қате емес».

«Қате үкім. Қате үкім» деп Мұса іштей қайталай берді. Оң жағынан келіп қалған машинаның сәулесі тоқтау салды. Кейін бұрылды. Үзілген ой жалғасып, қайтадан өз арнасына түсті.

Баймұраттың қатесінің себебі не? Оны кім жіберді. Милиция тергеушісі мен бақылаушы прокурор?.. Олар неге шалыс басты. Іске жеңіл қарағандық па, әлде басқа сыр бар ма? Басқа сыр болмауға тиісті...

* * *

Жұмыстан келгеннен кейін Таласбек ешқайда шықпайтын күйге ұшырады. Сары аурудай сарылып үйде отырады да қояды. Анасының жүзіне де тура қарай алмайды. Соттан кейін анасының «жұртқа масқара болдық-ау» деген сөзі құлағынан кетпей мазасын алып барады. Өзімен өзі іштей арпалысқап Таласбек киімшен кереуетке құлай кетті. Толықсып тасып жатқан шымшытырық ой оған төтеп берер емес.

«Өтірік. Өтірік айттым. Неғып соған аузым барды? Білмедім. Жоқ. Енді шыдамаймын. Айтамын шындықты...» деп шешкен Таласбек ерте тұрып шындықтың бәрін қағазға түсірді де, судья Әміржановқа әкеп тапсырды.

— Тергеуші Мамыржановтың ықпалы бойынша сотта өтірік жауап беріп ауыр қылмыс істедім, бірақ кешіруіңізді өтінемін,— деді Таласбек судьяға.

— Кінәсін түсіне білген қатесін түзей біледі. Келгенің жақсы болды. «Алдына келсе аташның құныш кеш» деген халық. Заңда да солай, бірақ сенің бұл ісінді жұмыс орнына, жолдастық сотқа жіберемін. Мәртебелі жұмысшы табының атынан өзіңмен бірге жұмыс істейтін жолдастарың соттасын,— деді Мұса Әміржанов жылы ұшырай сөйлеп.

— Сізге көп рахмет! — деп Түлкібаев ауыр күрсінді.

— Сотта неге өтірік сөйледің? — деді судья Таласбектен көзін айырмай.

— Жазды күні бақшада, би алаңында, бір жігітпен төбелесіп қалып едім, мені милицияға алып кетіп жауып тастады. Менің ісім тергеуші Мырзатай Мамыржановтың қолына берілді. Себебіне түсіне алмадым, тергеуші мені Баймұратқа қарсы қуә болуға итермеледі. Оның айтқанына көнсем жауапқа тартпай босатып жіберетініне көзім жетті. Сондықтан пальтоны Баймұраттың өзінен са-тып алдым деп өтірік айттым. Бірақ менің қылмыстан құтылғаным не керек досымның жағдайы ауырлап, іс насырға шауып кетті,— деп Түлкібаев ағынан жарыла мойындады. Таласбектің мойындауынан кейін Мұса шындық сырын ой елегінен өткізіп, тергеуші Мамыржановпен ұзақ әңгімелесті, ақыл-кеңес берді. Тергеу жұмысына оның білімі, ой-өрісі жетпейтінін бетіне тура айтып ұялтты да, өмірден өз орнын табу керек екенін ескертті.

Ақыры, Мырзатай Мұсаның ақылын дұрыс ұғып, өз еркімен тергеу жұмысынан шықты да, заводқа слесарь боп орналасты. Енді қателеспейді. Мұсадай шындық сырына үңіле білсе құрметті де құдіретті адам болатынына оның көзі анық жетті.

Иә, шындықты өмір жаршысындай құрметтей білген адам алған бағытынан әсте адаспай аяғын нық басады.

Шындық өмір тірегі.

КЕЗДЕСУ

Басын ораған түбіт шәліден үлкен көзі ғана бажырайып көрінген кондуктор әйел:

— Құрылысшылар аялдамасы,— деп жылы автобуста буы бұрқыраған жолаушыларға ескертпе жасады.

Қалың киімді сығылысқан халық, тар есіктен сынала-сып шығып жатыр. Мен де секіріп, түстім де, құлақшы-нымның бауын байлап алып, қарсы алдымдағы үш қа-батты мектепті бетке ұстай, ентелей басып келемін. Аяз қысып барады. Бүгін кешкі сағат жетіде №34 орта мек-тепте ата-аналар жиналысы. Онда мен әңгіме өткізуге

түістімін. Бұрын жоспарланған болатын. Мана күндіз іс қарап отырғанымда, хатшыма мектептен телефон соғып тағы да ескерткен екен.

— Директордың кабинеті нешіншіі қабатта?— дедім, мектептен шыққан оқушыға, бұрын болсам да, оқу жылы басталғалы келмегендіктен.

— Екіншіде.

Ішке кіріп, бас киімімді алып, өзіме-өзім келіп, екінші қабатқа көтерілдім.

Қолына құлақшынын ұстаған ұзын бойлы пісте мұрын, аққұба жігіт алдымнан кездесіп:

— Сә-лем-ет-сіз бе?..— деп, менің аты-жөнімді атап, ентелей келіп ежелгі танысымдай амандасты.

Мен де жылы жүзбен сәлемін алдым. Бір көрген адамым екені сөзсіз. Бірақ қай жерде кездестім екен? Әлде сотта, сот мәжілісінде ме, әлде құрылыста ма? Әйтеуір есіме түспеді. Үстіндегі киіміне қарап құрылысшы болар деп топшыладым.

— Сіз, танымай қалдыңыз ғой,— деді тағы да әдеттегідей өз атыма әкемнің атын қосып.

— Ғафу етіңіз, қайда көргенім есімде жоқ.

— Бір-ақ рет көргенсіз. Есіңізде қалмауым да мүмкін. Міне оған аттай 12 жыл өтті. Сіз судья болғалы он бес шақты жыл өткен шығар.

— Сәл артығырақ.

— Сіздің алдыңызда күніне 20—30 адам, кейде жүз деп болатынын да білемін. Ана жылы біздің клубта бір процесс жүргізгеніңізде халық көп жиылғаны әлі есімде. Адам тағдырын шешу күрделі іс,— деп бір түйіп тастады бейтаныс жігіт жылы ұшырай сөйлеп.

Еңбек адамдарымен кездесіп, әңгімелесуді мен жақсы көремін. Олардың кілтін тапсаң өмірдегі көргендерін, көңілдегі сырларын бүкпей жарқырата жайып салып отырады. Кейбір әңгімешілеріне кездесіп кетіп, ашыла сыр шерткен бір бақыт. Сол сияқты оны өзіме тартып, ойды әрі жалғай беру үшін:

— Дегенмен сіздің жүзіңіз маған жақсы таныс,— деп сөзге тиек бердім.

— Суга кеткен қыз бен ақ күшік жәйі есіңізде ме?

— Көйлегінің жағасынан тістеп алған,— деп қостай кеттім.— Енді сізді таныдым.

— Мен сол Нағиманың әкесі Дайыр Бектеміров^{ов}пін. Осында тұрғын үйлер салатын участокте тас қалаушы-

лар бригадасының бригадирімін. Сіз бізді білмегенмен сізді бүкіл қала біледі.

Мен бұ жігіттің сөзін зейін қоя тындадым да, кезекші әйелден:

— Үзіліске қанша уақыт бар? — деп сұрадым.

— Үш минут — деді әйел, қабырғада ілулі тұрған үлкен сағатқа көз тастап.

...Мектеп оқушыларының ата-аналары үлкен залға тола жиналған. Әңгіменің тақырыбы балалар арасында қылмысқа жол бермеу жайлы болатын. Жергілікті мектептерде болған оқиғаларды заң ережелерімен үйлестіріп бір сағат шамасында бірталай жәйттерді әңгімелеп бердім. Мен жұрттың жүздерінен-ақ айтқан ақыл-кеңесімнің ұнағанын сездім. Ширек ғасыр бала тәрбиелеу майданында жемісті еңбек етіп келе жатқан белгілі оқытушылардың бірі — мектеп директоры тыңдаушылар атынан «рахмет» айтқанда ата-аналардың қол шапалақтап, қостағаны күні бүгінге дейін көз алдымда, әлі есімде.

Ақ күшіктің иесі Нағиманың әкесі Дайыр Бектеміров алдыңғы қатарда отырып тындап, мектептен менімен бірге шықты да, аялдамаға дейін еріп келіп қоштасып қалды. Аялдамаға жеткенше ол маған риза болғандай:

— Ақ күшік пен Ғайни өмірін сақтап қалған қызым биыл бесінші класта оқиды. Ғайнидан туған бес балам бар. Жақсы тұрамыз, — деді.

* * *

Есімнен ақ күшік пен Нағима оқиғасы әлі кетпейді. Бұл бір үлкен хикая.

...Жұмыстан кейін Дайыр жол-жөнекей балалар яслиіне барып, Нағиманы үйіне ала келді. Оның Нағимадан үлкен екі баласы бар, ұлы Бақыт, қызы Кәмила.

Дайыр суға түсіп жүрген балаларына келіп:

— Мен ауруханаға мамаларыңа барып қайтайын, сендер Нағимамен үйде отыра тұрыңдар, көл жаққа жібермеңдер суға кетіп қояды, — деді.

Бақыт пен Кәмила әкесіне қарсылық білдірген жоқ. Бастарын ізеп тез киіне бастады.

— Қарақтарым, мен келгенше үйден шықпаңдар, — деп Дайрекең аялдамаға қарай беттеді.

Әкесі ұзаған кезде Бақыт Нағима мен ақ күшікті қолтығына қысып алып үйіне әкеп енгізді де, көлге қайтып келді.

* * *

Ғайни каннен-қаперсіз келе жатыр, бой жазып қайтпақшы болған ол жалғыз аяқ жолмен көлге қарай ақырып жүріп келеді. Суға жақындаған сайын айдын көлдегі құстардың кикуйындай балалардың күміс күлкісі мен айқай-шуы құлағын тұндырды. Кенет Ғайни көлге тезірек жетуге ынтығып, аяғын ширақ басты. Ұзындығы 150 метр, ені он бес — жиырма метрдей су қоймасының жағасында топырлаған балалардың бірі суға сүңгіп, бірі жүзіп жүр. Ғайни оларға қызыға көз салды. Екі құлағы тікірейген ақ күшік кішкентай баланың көйлегінен тістеп алып, жүзіп барады. Осы сәтте не істерін білмей абыржып қалған Ғайни киімімен суға қойып кетті де, жүгіріп барып кішкентай қызды күшігімен қоса құшақтай алды. Сосын ол суды кешіп қыз бен күшікті бауырына басып жағаға қарай беттеді. Үрпек бас қыздың ойында ештеңе жоқ. Сабалақ жүнді ақ күшіктің жүрегі аттай тулап, сыртқа теуіп тұр. Қызыл тілін шығарып, солқ-солқ етеді. Екі көзі қызда. Ғайни қызды көкірегіне басса, ақ күшік жүрегін Ғайниға тақайды. Осы сәтте Ғайнидің жүрегі елжіреп көзінен ыстық жас моншақтап кетті.

— Әй балалық-ай,— деп Ғайни Дайыр үйінің қасындағы ұзынша орындыққа отыра беріп, одырая қарап тұрған қызға қол бұлғады.

Екі беті томпиған, қарақат көз қыз жүгіріп келіп:

— Нағима, үстің неге су? — деп Ғайнидың қолындағы сіңлісін құшақтай алды.

— Сенің атың кім?— деді Ғайни есін жинап.

— Қә-мила!

— Нешінші класта оқисың?

— Екінші класты бітірдім.

— Мынау қыз сенің сіңілің бе? — деді Ғайни.

— Сіңлім.

— Мамаң қайда?

— Ауруханада.

— Папаң қайда?

— Мамама кетті,— деп күн шығыс жаққа қарады.—
Әне, папам келе жатыр.

Ғайни Нағиманың әкесіне оқиғаны бастан аяқ айтып берді.

— Сізге көп-көп рахмет! Нағиманың өмірін сақтап қалуға мол еңбек сіңіріпсіз. Тірі жүрсек жақсылығыңызды ұмытпаспыз,— деді Дайыр бейтаныс әйелге жылы ұшырай қарап.

* * *

Сол бір күннен кейін Ғайни күндіз жұмыста жүрсе де Нағиманы ойлап, сағынатын болды. Жұмыс аяқталғанша асығады, өйткені Нағима Ғайниды көргенде туган анасы келгендей қуанып бас салады. Ақыры, Нағима мен Ғайни бір-біріне үйренісіп кетті. Сондықтан Ғайни Нағимасыз тұра алмайтындай сезініп, Дайырдың үйіне күнде кешке таман келіп жүрді. Сөйтіп ол Нағиманың кірі-қоңын жуып, тамағын әзірлеп өз баласындай күтті.

Кішкене қызын Ғайни тәрбиеге алғаннан бері Дайыр ауруханада жатқан әйелінің жанында біраз отырып, асықпай қайтатын болды. Бірақ оның қабағы бір ашылмайды, ауруханадан үйіне келгенде жауатын бұлттай түнеріп отырады. Бір күні Дайыр әйеліне барып келгесін сұстана төмен қарай берді.

Ғайни оның көңілін көтермекші боп:

— Дайреке, сырқат қалай? — деп сұрады.

— Ау-ыр тұр,— деп күрсінді Дайыр. «Әйеліңнің сырқатына қатты палысың-ау. Дегенмен тоң мойынның өзі-сің ғой» деп түйді ішінен Ғайни. Сосын ол киімін тез киіп Дайырмен қоштасып, Нағиманың бетінен сүйді де, өзінің жас кезін көзіне елестетіп үйден ақырын шықты. Ешқайда бұрылмастан үйіне келді. Үйіне келсе-ақ ауырған адамдай еңсесі көтертпейді, слегізиді Нағиманы көзіне елестетеді. Түннің жарымына дейін кірпік ілмейді, әр түрлі ой мазалап дөңбекшиді де калжырап барып ұйықтайды. Арада осылай екі айдай уақыт өтті. Бір күні Ғайни Дайыр семьясының басына түскен қайғысына ортақтасып анасынан айырылып жетімсіреген үш баламен бірге жылады. Бірақ Нағиманың апасын қара жер бауырына алғанмен өмір жалғаса берді. Ғайни Нағимаға туган анасындай боп Дайыр семьясының ауыртпалығын көтеруге өзі мойын ұсынды. Сосын ол бақытты өмір сүруіне бұрынғы күйеуі кедергі болады-ау деп ойлап неке-сін бұзауға сотқа өз қолынан арыз беріп, нәтижесін асыға күтті.

* * *

Сот мәжілісі судьяның кабинетінде ашылды. Қаралатын азаматтық іс. Талап-арыз — некені бұзу.

Мұндай іске көбіне, куәлер келмейді. Ерлі-зайыптылардың өмірі тұңғық теңіз. Оның шындығына жету қиын. Сондықтан өздері шешсін деп көптеген адамдар, тіпті жанашыр жақындардың көбі олардан іргесін аулақ салады. Іске талапкер мен жауапкер екеуі ғана қатысады. Мұндай істер көбіне судьяның кабинетінде қарала береді.

Кейбір қарапайым істерден ашық күнде жауған жаңбырдай күрделі жәйттер жарқ ете түседі. Ол жәйттер мәңгі есте қалады десем артық болмас. Соның бірі осы іс.

Талап-арыз беруші Ғайни Даутова. Заводта технолог боп жұмыс істейді.

Жауапкер оның ері Кәкім Даутов, құрылыста инженер-экономист.

Ерлі-зайыптылар сүйіп қосылып, екі жылдан кейін ажырасып кеткен. Ғайнидың айтуына қарағанда бұған кінәлі ері Кәкім. Ол ішімдік ішуге салынып, семьям, үйім бар деп ойламаған.

— Араласпай семья байланысы үзілгелі жылға жақын уақыт өтті. Қайта қосылуға қарсымын. Балаларымыз жоқ. Кәкім жөніне кетіп, кезіп жүр. Мен өзіме өмірлік серік таптым. Енді осы некені бұзып, жаңа некені заңға жатқызу керек, — дейді әйел.

Кәкім ұясын қорғап қызғыштай шырылдайды. Бірде кінәсін әйеліне аударып сөйлесе, жалт беріп өзін сөгеді. Жаздым-жаңылдымға басады. Қайта қосылайық дейді.

— Сөнген махаббат тұтапбас. Суыған жүрек жылымас. Өткен қайта оралмас. Менің сүйгенім бар, жаңа семьям болады. Сіздерден халық сотынан сұрайтын тілегім некемізді бұзып беріңіздер, — деп Ғайни сөзді кесіп айтты да, орнына сылқ етіп отыра кетті.

— Сенің жана семьяң қайда? Күйеуің кім? — деп сабырсызданды. Кәкім. — Анау үш балалы Дайырға шығарды деп естідім. Жалғыз мені кәдірлеп күйеуім деп әйелдік қамқорлық жасап күтпегенде, жетімдерді жеткізерсің!

«Алтынның қолла барда қадірі жоқ» екенін Кәкім енді түсініп, Ғайниды қайтсем ұясыма түсірем деп қыпылықтап тұрғанын судьялар сезіп отыр.

Адамның жұрттан жасыратын да сыры болады. Ерлі-зайыптылардың өміріндегі сыр сандығы тіпті өзгеше ғой.

Сот алдында бәрін ақтарып, жайып сала бермейді. Семья тағдырын шешкенде өте сергектікті өзгеше жауапкершілікті тілейді.

Сүйіп қосылып, суысып ажырасқан жүректер дәл осы сәтте оңаша сырлассын деп сот алқасы үзіліс жасады. Екеуі мүмкін келісер де.

Ерлі-зайыптылар коридорға шықты да, судьялар орындарында қалды.

— Кінә еркекте. Әйел ақылды адам, бірақ жігіттің жылтыраған бетіне ұрынған,— деді заседательдің бірі.

— Жігіт «бір көрме, бір көрмеге сыр берме»— деді екіншісі.

— Қосылғасын ажырасу сән бе екен,— дедім мен. Қорытынды жасауға әлі ерте. Сот зерті — зергердің ісіндей, асықсаң бір жері кем түседі. Шешімге тиек болатын бүгін қалған бүкіс жәйт бар шығар.

Мәжіліс жалғастырылды. Сөз Ғайниға берілді.

— Өткен істің қуанышы да, өкініші де болады. Өкінермін. Бірақ Кәкіммен келісе алмаймын,— деді Ғайни саспай әр сөзін шегелей айтып, судьяларға үміттене тура қарап.

— Біз бір-бірімізді сүйеміз. Қайта қосыңыздар,— деп Кәкім судьяларға жалынды.

— Қосылуға мен қарсымын,— деді Ғайни.

— Жетім үш баланы тәрбиелеп жетілерсің. Сен баланың қадірін қайдан білесің, ана болуға жаратылған жан емессің.

Кәкімнің бұл сөзінен кейін Ғайни төменгі ернін қатты жымқыра тістеп, көз жасын төгіп-төгіп жіберді.

Судья Ғайнидың ар-намысына тиетін сөзге одап әрі жол бермеді.

— Менің өмір қосатын адамымның үш баласы бары рас. Ерге әйел болмасам да балаларға ана бола аламын,— деп Ғайни Кәкімнен көзін алмай тұрып сәл ойлапты да, ақ күшік пен кішкене қыз жайлы әңгімесін бастан аяқ айтып берді.

Кәкім қосыламын деп безектесе де шын жүректен айтылған асыл сыр емес екені сезіліп тұр. Жел көңіл жігіт отыз беске келгенше орнығып отау болмағасын келешекте жағдайы қиындайтынын сезсе жақсы ғой. Қазір оның жолы даңғыл. Сапары сәтті. Өтірік болса да Кәкімнің некеден айырма деуіне енді сот қарамайды. Заң, Кәкімді қостағанмен Ғайнидың суыған жүрегі заңға

көнбсіді. Ол біреуден алып, екіншіге бере салатын ауыспалы зат емес. Бұл жерде заңда күш жоқ.

Судьялар сот үкімін оқып бергенде, Қәкім алды-артына қарамай тұра жөнелді. Ол кеткесін біз Ғайниға жаңа семьясында бақытты болуына тілек білдіріп, қоштасып қала бердік. Осы сәтте күн көзі бір шөкім бұлттың астынан сытылып шығып жарқырап кетті.

ҚАЙСЫСЫ МЕНІҢ БАЛАМ?

Күн батып қараңғылық қоюланды. Мәдина күндегі әдетінше ашық терезеден басын қылтитып:

— Болатжан-ау, Болатжан, үйге кел. Тамақ ішейік,— деп қайта-қайта шақырды. Бірақ баласы үн қатпады. Сосын ол жүгіріп далаға шықты да:

— Болатжан, Болатжан,— деп селоны басына көтере айқайлады. Болат дыбыс бермейді. «Рабиғаның баласымен ойнауға кетті ме екен, бірақ маған айтпай бармайтын еді ғой» деп ойлаған Мәдина дағдарып не істерін білмей тұрғанда көршісі Ақлима үйінен шығып:

— Болатыңды әлгінде Рабиға үйіне қарай жетелеп бара жатқан,— деді.

— Ойбай-ау, Болатты үйіне неге алып кеттің?— деп Мәдина Рабиғаның үйіне сөйлей кірді.

— Есің дұрыс па бүгін сенің үйіңнің маңына барғам жоқ. Баланды көрсем көзім шықсын,— деді Рабиға Мәдинаға тесіле қарап.

— Болатты жетектеп бара жатқаныңды әлгінде Ақлима көріпті.

— Ақлима ойнап айтқан шығар, қалжыңдамаса іші ауыратын перінің бірі емес пе. Кішкене бала өтірік айтпас, маған сенбесең Мұраттан сұра. Әне отыр,— деді Рабиға күмілжіп.

— Болатты көрдің бе?— деді Мәдина Мұратқа жақындап.

— Көргем жоқ,— деп күлк етті бала. Мәдина Ақлиманың сөзін өтірікке сайып Рабиғаның үйінен шықты да, баласы жоғалғанын милицияға хабарлады. Сосын үйінде тағаттап отыра алмай жүгіріп Ақлимаға келді.

— Менің баламды Рабиғаның әкетіп бара жатқанын анық көріп пе едің? — деп қадалды Мәдина.

— Не айтып тұрсың?! Мен Болатты танымайтындай маған не болыпты? Балаң жердің жарығына түсіп кеткен жоқ, Рабиғаның үйінде. Бар да прокуратураға арыз беремін деп қорқыт. Тауып береді. Тілімді алсаң бүгін барма. Ертең оның Мұратынан жансыз сұрап көр. Мәдина Ақлимаһның айтқан ақылына ұйып Мұраттың далаға шығуын асыға күтті. Мұрат ертеңінде ойнауға түске салым шықты. Оны андып отырған Мәдина жүгіріп кеп құшақтай алды да:

— Мамаң Болатты қайда жасырып қойды? — деді.

— Шифоньердің ішінде отыр. Мамам мені ұрып тастайды. Мен айтты деменіз,— деп бала жылап жіберді.

«Мә шүйіншің» дегендей Мұраттың бетінен сүйіп, жүгіре басып Рабиғаның үйіне кірді де, шифоньерге бас салды.

— Болатжан, Болатжан!— дей айқайлады бар даусымен Мәдина.

— Мама, мама! — деп шыр ете түсті шифоньердің ішінде отырған бала анасының даусын естіп.

— Аш, әйтпесе құл-талқанын шығарамын,— деді ыза кернеген Мәдина шифоньердің есігін жұлқылап.

— Кет былай, ашпаймын,— деп Рабиға Мәдинаны кеудесінен итеріп кеп жіберді де, шифоньердің есігін басып тұра қалды.

— Кешеден бері діңкем құрыды, шығар баламды,— деді Мәдина маңдай терін ақ торғын орамалмен сүртіп.

— Шығар-май-мын. Болат менің балам,— деді Рабиға бұрынғысынан да долдана түсіп.

— Ал-лау, не айтып тұрсың? — Қалайша сенің балаң болады?

— Қалай менің балам екенін кейін түсінесің.

Тал түсте тұңғышымды тартып алайын деп тұрмысың? — деді Мәдина көз жасын мөлтілдетіп.

— Болат менің балам! Көзім тірісінде ешкімге бермеймін!

Мәдина Рабиғамен айтысып тұрмай жүгірген бойы аудандық прокуратураға келді. Прокурордың кабинеті алдындағы бөлмеде отырған хатшы қыз оның өңінен шошып кетті.

— Прокур-ор өзінде ме? — деді ашуга булығып әрең сөйлеген Мәдина.

— Кіріңіз өзінде,— деді хатшы қыз есікті нұсқап.

Бетін жасыл шұғамен жапқан үлкен столдың басында бойы ортадан жоғары, кең нықты, жалпақ бет, аққұба жігіт отыр. Мәдина оның қарсы алдына барып не айтарын білмей үнсіз тұрып қалды. Бұдан бұрын прокурор, милиция түгіл сотта куә да болып көрмеген-ді. Арыз айта келген келіншектің бас-аяғын шолып шықты да, Жасұлан Есмұратов:

— Сәлеметсіз бе? Отырыңыз,— деді қарсы тұрған орындықты көзімен меңзеп.

— Сізді кім жәбірледі? — деді Жасұлан байсалды даусымен ақырын ғана. «Күйеуіңнен таяқ жеген көк долының нағыз өзісің ғой, сірә» деп ойлады ішінен ол.

— Ба-лам-ды ұрлап алып, бермей қойды. Алып беріңізіші,— деді Мәдина көз жасына ие бола алмай.

— Туган балаңыз ба еді? Ұрлаган кім?

— Иә, туған балам. Тұңғышым. Қазір иемденіп отырған Рабиға Батырова деген келіншек.

— Батырова қайда тұрады?

— Сәкен Сейфуллин көшесіндегі 86 үйде.

— Балаңызды ол келіншек қалай алды? Саспай айтып беріңізіші,— деп прокурор орнынан тұрып, стол үстіндегі графиннен Мәдинаға су құйып берді. Суды бір жұтты да Мәдина болған оқиғаны қысқаша баяндады.

Мәдинаның сөзін бәрін бастан-аяқ тыңдап алып Есмұратов аудандық милиция бөліміне телефон соқты.

— Сәлеметсіз бе, Қасен аға? Сәкен Сәйфуллин көшесіндегі 86 үйде тұратын Рабиға Батырова деген әйелді жедел алғызып беріңіз. Мәдина Дегенбаеваның бес жасар баласын алып кетіп, бермей қойыпты. Дегенбаева қазір менің кабинетімде отыр. Батырованың Мұрат деген Болатпен жасты баласы бар. Соны да бірге ала келсін, жігіттерге айтыңыз.

Жасұланның бұл ауданға прокурор болып келгеніне бір жылға таянып қалған. «Жаңадан келген прокурор ақылды жігіт көрінеді» деп жүрді аудан адамдары. «Расында да ақылды, кішіпейіл, сабырлы жігіт екен ғой» деп ойлады Мәдина ішінен Жасұланға көзінің астымен қарап отырып.

— Жасұлан Бекмұратович, Рабиға Батырованы екі баласымен алып келдік,— деді есіктен жедел кіріп келіп милиция кіші лейтенанты.

— Батырова балаларын хатшының қасына қалдырсын да өзі кірсін,— деді асықпай сөйлеп Есмұратов.

Ұзын бойлы, оймақ ауыз, бидай өнді келіншек кабинетке еркін басып кірді.

Жасұлан:

— Отырыңыз,— деп Мәдинаның алдында бос тұрған орындықты қолымен нұсқап көрсетті.

Жүзі боп-боз боп кеткен Мәдинаға алара қарап Рабиға маңызданып отыра кетті.

— Азаматша Дегенбаева, Батырованы қашаннан бері білесің? — деді төмен қарап, тұқырып отырған Мәдинаға прокурор.

— Мен Рабиға Батыровамен әйелдер босанатын үйде Болат туганда таныстым. Бір палатада жаттық... Сонан бері доспыз. Баламды алып беріңіз. Мәдинаның сөзін міз бақпай тыңдап отырған Рабиға:

— Бер-мей-мін, Болат менің балам, — деп атын тұрды.

— Апырмау саған не болған, Рабиға. Ақылыңнан адасқаннан саумысың? Болат менің балам екенін бүкіл аудан біледі ғой,— деді Мәдина.

— Болат менің балам,— деп Рабиға кабинеттен жүгіріп шығып, хатшы қыздың жанында тұрған екі баланы жетектеп келді.— Қараңыз, осы екеуінің қайсысы менің балам. Айтып беріңіз қырағы прокурорсыз ғой,— деді Батырова Есмұратовты кекете.

Сол сәтте:

— Кіруге бола ма, жолдас прокурор? — деді қараторы, қой көзді жігіт есікті жартылай ашып.

Сол-ақ екен Болат «папа» деп есіктен қарап тұрған жігітке қарай жүгірді.

Рабиға баланың алдына тұра қап:

— Бұл сенің әкең емес,— деп өз бауырына қарай икемдеді.

— Саған не болған? — деді Ахмет Рабиғаға таңдана қарап.

— Жолдас прокурор, мына жігіт Мәдинаның күйеуі. Болаттың менің балам екенін бұлар білмеуі мүмкін. Екі бала міне алдыңызда тұр, қайсысы менен туганын айырып беріңіз.

Прокурор аң-таң. Өз көзіне өзі сенбейді. «Біреудің ішінен шыққан, бес жыл өсірген баласын менің балам дейді. Сонау соғыс жылдары мұндай жәйттер кездесті.

Оны талай кітаптардан оқып көрген. Бұлар ше? Екеуі де осы аудан орталығында бірге босанып, бір ауруханада жатып, айығып тұрған аналар. Бала әкесін танып бас сап тұрса да, мынау тұсау көрмеген асау келіншек «менің балам» деп жұлып алды. Расында да Болат қайсысының баласы? Дегенмен анықтайын» деп ойлаған Жасұлан орнынан тұрып егіз қозыдай боп тұрған балалардың алдына кеп:

— Сенің атың кім?— деді биязы үнмен Рабиғаға тым жақын отырған балаға.

— Мұ-лат.

— Кім баласысың?

— Па-пам-ның.

— Папаңның аты кім?

— Мұ-қаш.

— Мамаңның аты кім?

— Ләби-ға,— деп «Р» әрпіне тілі келмей үшке бөліп зорға айтты.

— Сенің атың кім? — деді прокурор екінші балаға қарап.

— Болат,— деп тілі тақ ете түсті.— Папамның баласымын. Міне, папам, командировкадан келді,— деді жаутандап сөз кезегін күтіп отырған Болат.

— Мамаңның аты кім?

— Мәдина, міне отыр ғой,— деп анасын көрсетті. Сөздерін жаттап алған сияқты. Таңдайы тақ-тақ етеді. Жасұлан бұрылып орнына қарай жүре беріп, енді не айтасыз, бикеш, дегендей Рабиғаға қарады. Прокурордың ойын кейпінен түсінген келіншек:

— Сонда да Болат менің балам. Басымды шапсаң да бұларға бермеймін,— деді шаптығып. Сол сәтте ол безгек тигендей қалшылдап, құлағындағы сырғаларына дейін қозғалды.

— Есің дұрыс па өзіңнің? Рабиға сен мұндай келіншек емес едің ғой? Ойының ба, шының ба,— деді Ахмет ашына сөйлеп.

— Шыным. Болат менің балам. Өзің абайлап қарашы. Кескіні менен аумайды. Міне менің де, Болаттың да қолында мең бар. Қараңызшы,— деп оң қолын созды.

— Егіз бала таппағаныңды дәрігерлер ғана емес, бүкіл ел біледі. Сені не қара басты? — деді Ахмет ызбарлана Рабиғаға қарап. Мәдина болса сөйлеуге шамасы келмей солқылдап жылап отыр.

— Азаматша Батырова бала өзімдікі деген тұжырымыңыздан қайтпайсыз ба? — деді прокурор Рабиғаға қадала қарап:

— Иә, қайтпаймын. Болат менің балам.

— Дегенбаевтарға бергіңіз келмей ме?

— Неге беремін? Көзім тірісінде мандайынан сипатпаймын.

— Мәдинаның да сізбен бірге әйелдер босанатын үйде жатып, ұл бала туғанына таласыңыз бар ма?

— Жоқ.

— Сонда Болат сіздің балаңыз болса, Мәдинаның баласы қайда?

— Оны дәрігерлерден сұрасын. Олар тауып бермесе аудандық прокурор сіз отырған жоқсыз ба?

— Дұрыс. Болат сіздің балаңыз болса, Мұратты Дегенбаевтарға бересіз бе? — деді Жасұлан алдында жатқан «Қазбек» папиросының бірін алып, ұқалап тартуға әзірленіп тұрып.

— Мұрат тұңғышым неге беремін? Ақ сүтімді жыл бойына емізіп, сінді біреуге бере ғой дегеніңіз қалай. Тапқан екенсіз ақымақ әйелді. Екеуін де бермеймін. Айтқаным айтқан. Бұлар балаларын дәрігерге таптырып алсын.

— Келісімге келмесеңіз заңның күшін қолданамыз.

— Заңға жығылам, заңға қарсылығым жоқ. Біздің заң әділ заң, Бірақ әділ шешіңіз.

Жасұлан сәл ойланып:

— Әзірше мынандай тоқтамға келейік. Сіздер әрқайсысыңыз өз балаларыңызды алып, қазір үйлеріңізге қайтыңыздар. Былайша айтқанда, Рабиға — Мұратты, Мәдина — Болатты. Бұған дейінгі татулықтарыңызға, достықтарыңызға шек келтірмеңіздер. Бақыт үстіне бақыт сіздерге. Ақылдасыңыздар, «Ашу алда, ақыл артта» деген ғой халық. Өздеріңіз бізсіз де келісерсіздер, — деді байсалды пішінмен.

— Шешіміңіз осы ма? — деп Рабиға тағы шап ете қалды.

— Абыржымаңыз, тыңдаңыз, сіздердің дауларыңызды зерттеп, шешеміз... — деді прокурор.

— Қашан шешесіз? — деді Рабиға абыржып.

— Жуырда шешеміз, рұқсат үйлеріңізге қайта беріңіздер. Прокурордың бұ сөзінен кейін Рабиға да, Мәдина да, Ахмет те үн қатқан жоқ. Әрқайсысы өзіне тиген бала-

ны жетектеп кабинеттен шығып кетті. «Рабиға сөзінің ой салатын жаны бар. Болат сонан туган. Сауысқанның баласы да өзіне осылай тартпас. Ал Мұрат Мәдина мен Ахметке ұқсайды. Бұл қалай болған?! Өмірде өте сирек кездесетін жәйт. Сондықтан да оның сырын шешу керек» деп қорытынды жасады кабинетте оңаша қалған Жасұлан. Сосын ол хатшы қызды шақырып:

— Ертең сағат тоғызға әйелдер босанатын үйдің бас дәрігерін шақыр. Мәдина Дегенбаева мен Рабиға Батыровалардың тууы жайлы жазылған журналдарын ала келсін,— деп тапсырма берді.

* * *

Есмұратов таңертең жұмысқа келсе орта бойлы, толықша келген, аққұба келіншек кабинетінің алдында тұр екен. Әйелдің жүзінде абыржушылық бар. Жасұлан онымен сәлемдесіп әйелдер босанатын үйдің бас дәрігері осы шығар деп топшылады ішінен.

— Фарида Әубәкірова сіз бе? — деп жылы ұшырай қарады келіншекке. Есмұратов кабинетінің есігін аша беріп.

— Иә, мен,— деді дәрігер даусы қалтырай шығып.

— Кіріңіз,— деді прокурор.

Дәрігерден Жасұлан ең алдымен әйелдер босанатын үйдің жұмыс жағдайын сұрады. Сосын жаңа туган нәрестелерге белгі байлау, оларды анасының бауырына салу жәйттеріне тоқталып жан-жақты танысты да, Рабиға мен Мәдинаның арасында болып жатқан дау жағдайып айтты.

— Олай болуға мүмкін емес,— деп дәрігер дөңгелек қара көзін кеңейте ашып қабырғаға қарады.— Он жылға жақын жұмыс істеймін, сіз айтқандай қателік бізде болған жоқ. Болуға да тиіс емес.— Фарида маңыздана сөйледі.

— Қателік күнде бола бермейді, доктор,— деді Жасұлан жымнып,— «Шөлмек қырық күнде сынбай, бір-ақ күнде сынады» деген есіңізде ме?

— Дұрыс айтасыз төрт аяқты мал да сүрінеді — деді Фарида.

— Сол екі ана босанған күні кезекші болған сестраларды шақыртыңыз. Жұмыста болмаса үйлерінен алғызыңыз,— деді прокурор...

Жасұлан Бекмұратович, бір сестрамыз Римма Ақыл

бекова қазір жұмыста, ал оны ауыстырушы екінші Бану Байтенова курортта. Кеткелі бүгін екі-ақ күн болды,— деді дәрігер келіншек қарлығаштың қанатындай қиғаш кастарын керіп. Манағыдай емес, еркін сөйледі.

— Барын шақырыңыз,— деп Жасұлан тумбочка үстінде тұрған телефонды ұсынды.— Осында келсін әңгімелесейік.

— Көп кешікпей, ұзын бойлы, талдырмаш келген қызыл шырайлы қыз еңтігіп прокурордың кабинетіне кірді.

— Фарида Әубәкіровна, сіз шақырдыңыз ба? — деді прокурорға қадала қарап тұрып.

— Шақырған біз. Отырыңыз! — деп Жасұлан Фариданың жанындағы орындықты нұсқады.

— Римма Ақылбекованың медсестра боп істегеніне жеті жылдан асты... Жұмысына тиянақты,— деді Фарида сөз бастап. «Бұл сөздің не астары бар? Прокурорға шақыратын нендей қылмыс жасадым?» деп Римма іштей абыржып отыр.

— Римма, сіз Рабига Батырова мен Мәдина Дегенбаеваны білесіз бе? — деді Жасұлан.

— Екеуі де бізде жатқан. Ұл тапқан. Мәдинаны жақсы білемін. Бала кезімізден бірге өстік. Рабиганы босанғаннан білемін,— деп тез-тез жауап берді. Асықпай-аптықпай ойлап сөйле дегендей Фарида оған көз қиығымен қарап қойды.

Олардың дүниеге келген балаларын кім қабылдады есіңізде ме?

— Күні бүгіндей есімде. Мен қабылдадым.

— Нәрестелердің қолдарына белгіні кім байлады, есіңізде ме?

— Есімде. Мен байладым,— деп Римма төбеге қарады.

— Жоқ сіз асықпаңыз. Ойланыңыз, есіңізге түсіріңіз. Төбеде еш жазу жоқ.

— Есімде, есімде, мен байлағанмын,— деп қайталады Ақылбекова.

— Екінші сестра Бану Байтенова 19 сентябрьде келеді дейсіз бе? — деді Жасұлан Фаридаға қарап.

— Иә.

— 20 сентябрь күні сағат 9-ға маған келсін. Ал сіздер жұмыстарыңызға жүре беріңіздер,— деп Жасұлан орнынан тұрып қолын ұсынды.

* * *

Прокурордың кабинетіне ақырын кірген қара торы келіншек:

— Мен Бану Байтеновамн. Сіз шақырған екенсіз,— деді. Байтенова жайғасып отырғаннан кейін бірнеше сауал қойды Жасұлан.

— Мен Мәдинаны жақсы білемін. Бірге оқығанбыз. Рабиға екеуі мен жұмысқа келердің алдында ғана босаныпты. Балаларды кітапқа тіркеген Римма Ақылбекова. Ал нәрестелердің фамилияларын жазып, білегіне белгісіз байлаған ұмытпасам мен. Бірақ нақты мен едім деп айта алмаймын. Мүмкін Римма байлаған шығар. Келесі күні Римма екеуміз Мәдинаның баласына кіндік шеше болуға таластық. Баланы жерден көтеріп алған, фамилиясын жазып, білегіне байлаған, анасының бауырына салған, уыз сүтін емізген мен деген болатын. Мүмкін Мәдина мен Рабиға балаларына тағылған белгілерді сақтап қойған шығар,— деді Бану.

Банудың бұ сөзінен ой түскен прокурор, «әйелдер босанатын үйдің медсестралары байлаған белгіні не Мәдина, не Рабиға сақтаған болса да мәселенің бір жағы айқындалады» деп іштей қорытты да, Байтеновамен қоштасып ойға шомды.

«Балаларға байланған белгілер қолға түссе қай естраның қателескенін айыра аламын. Ал Болаттың кімнен туғанын анықтау үшін қанды экспертизаға жібертуім қажет» деп ойлады Жасұлан. Сосын ол екі баланы, олардың ата-аналарын ауруханаға шақыртып экспертизаға берілу үшін қан алғызды.

Бір айға жетер-жетпесте экспертиза қорытындысы кеп түсті прокуратураға. Сөйтіп мәселенің беті нақты ашылды. Болаттың қаны Батыровтардікіне ұқсапты да, Мұраттікі Дегенбаевтардың қаны тектес болыпты. «Енді не істеуім керек? Сот арқылы балаларын ауыстырып берем бе? Әлде ата-аналарды шақырып алып келістірем бе? Бұлар өзара жөнге баспайды, әсіресе Рабиға Батырова. Сөйлесіп аңыстарын байқайын».

Ертеңінде тартысқа түскен екі баланың ата-аналарын прокуратураға шақыртты Жасұлан.

Сөзді бірден Рабиға бастады.

— Жолдас прокурор, экспертиза бойынша Болат қайсымыздан туған екен?

— Экспертизаның нәтижесі бойынша Болат сіздің баланыз. Біздің зерттеулерімізге қарағанда әйелдер босанатын үйдің кезекші сестрасы Римма Ақылбекова екі баланың фамилиялары жазылған қағазды уақытында байламай, сменасын атүсті тапсырып киноға кетіп қалған. Байтеноваға балалардың жатқан орнын тиянақтап көрсетпеген. Міне асығыстық салдарынан сіздерді сергелдепге салды. Осы кемшілігі үшін оны жұмыстан шығаруға ұйғарым жасады аурухананың бас дәрігері. Балаларыңызды өздеріңіз келісіп, ауысып алыңыздар. Бітімге келмесеңіздер сот арқылы шешіп беремін.

— Уақытыңызды алып әлекке салғанымыз үшін сізден кешірім сұраймыз. Кеше өзара келісіп Болатты Рабиғаға беріп, Мұратты біз алдық,— деді Ахмет.

— Ғафу етіңіз, жолдас прокурор! Шындықтың бетін әділ ашып бердіңіз. Сізге көп-көп рахмет. Енді күдік жоқ. Ақ сүтімді Мұратжанға кешірдім,— деп Рабиға отыра кетті.

— Мен де ақ сүтімді Болатжанға кешірдім. Сізге көп рахмет!— деп Мәдина төмен қарады.

Шындыққа ешбір бөгет жоқ. Ол таудай қараның астында жатпайды. Шындықты қасиет тұтқан адам да өмірде адаспайды.

ХАБАР ӨЗІМНЕН БОЛСЫН

Ғали Түмен облысына барған сайын Сорокин селосының жанындағы қарағай мен қайыңы аралас қалың орманның бауырында тұратын ағасы Қасым қуанышпен қарсы алатын еді. Ол келгенде жеңгесі Жәмила қақтап, кептіріп қойған етін асып табақ толтыра қадірлі қайыңының алдына тартады. Ет болмай қалса ағасы қойды сойып тастайды. Ағасы мен жеңгесінің мұндай сыйы Ғалидың есінен кетпей жылда келетін болды. Ол бір келгенде Қасым інісін Сорокинге дейін шығарып салып:

— Дүние малын алса да үш доңғалақты мотоцикл тауып бер. Иттің итақайы мініп жүргенде, біздің тұқым қайсысынан кем еді,— деп Қакең Ғалидың намысына тиіп, ақ бәтеске оралған ақшаны ұстата берді.

«Біздің тұқым қайсысынан кем еді?» деген сөз Ғалидың бүйірін бүлк еткізгендей болды. Бұрынғы заманда жақсы арба, жүйірік ат қолынан кетпеген ағасының арманы «Урал» мотоциклі екенін сезді. «Тиынын теңгеге балайтын еді, түйдегімен ұстатқанына қарағанда ағамның ақшасы сандық түбінде шіритін болған ғой» деп қойды ішінен Ғали.

Петропавлда жолдас-жоралары мен тамыр-таныстарына кездескенде Ғалидың екі сөзінің бірі үш доңғалақты «Урал» мотоциклі болды. Сауда орындарында істейтін жолдас-жоралары «ол дефицит, алу қиын» деп кеуделерін көтере сөйледі. Көшеге шықса мотоциклдер машинамен жарысып жол бермейді. Сатып алайын десе ешбір жерде жоқ. Жұрт қайдан, қалай алып жүр? Міне, қызық. Бұл шешілмейтін құпия жұмбақ. Осынау сөздерді ішінен айтып, өзімен-өзі кеңеседі Ғали. Жолдастарынан сұрастыра әбден діңкесі құрыды оның. Сөйтіп, амалы таусылып жүргенде Ғалидың есіне бір досы түсе кетті. Ол облыс көлеміне белгілі әрі беделді спортшы болатын. Ғали оның бейнесін көз алдына елестетіп:

«Ретін келтіретін сол» деді де жүгіре басып досының үйіне келді. Ғалекеңді Иван Афанасьевич Лученконың өзі қарсы алды. Екеуі бірімен бірі шүйіркелесе сөйлесе кетті.

Ақша болса айды алақаныңа саламын! Мотоцикл сатып алу сөз бе екен!— деп көпірді Лученко.

— Әнеугіден бәрі саған келмей босқа сандалған скенмін,— деді Ғали.

— Әзірше 500 сом қалдырып кет, қалғанын тағы көрерміз. Алатын заттың үстіне біраз ақша қосып бермесен саудагерлер пысқырып та қарамайды.

Екі күннен кейін абыржып Иван кіріп келді. Теңіз толқынындай жасыл «Волга» есік алдында топ жарған жүйріктей еңтігіп тұр.

— Іс оңға басты. Ақша керек.

— Қанша?

— Бесеу жетеді?

Ғали сөз айтпады. Қара шамаданнан алып керегін ұстата берді.

— Қош достым, хабар өзімнен болсын...

Жексенбі күні ертемен ақшыл «Волга» сентелей келіп тағы да есік алдына тұра қалды. Досын көрген Ғалидың қуанышы қойнына сыймай үйден атып шықты.

— Шаруа тиянақталды. 600 сом ақша керек.

«Сонда барлығы 1600 сом болғаны ғой. Дүние малы емес қой» деп іштей ойлаған Ғали алты жүз сомды тағы берді.

Содан бері Ғали мен Иванның достығы болаттай бекіді. Кездескен сайын талай шынылар құрғатылды. Ғалекең оның бұл әдетіне үйреніп алды. Сонымен бүгін ертең, келер жұмада, ендігі дүйсенбіде деген үмітті серттер бұлақтай ағып жатты. Арада неше бөтелкелер қалқып кеткенін Ғали да есептеген жоқ.

Түмендегі ағасы болса келген-кеткендерге әнеугі тапсырғанымды орындады ма екен Ғалижаннан хабарын біле келіндерші деп жатты.

Жауап біреу: реті келмей жатыр, шыдасын, болады ғой.

Арада бірнеше ай өтті. Алдағы тоқсанда аламыз деп сендірді Ғалиды Иван Афанасьевич. Ол бір күні досы Ғалиға келіп:

— Күннің ыстығы-ай!— деп омырауын ашып ақ жібек көйлегін желпіп қойды.— Шіркін Одессам-ай, осындайда еске түсесің-ау. Қара теңізге ақ шабақтай сүңгіген қыз-келіншектермен бірге сайрандар ма едім. Күнге шағаладай шағылысқан аппақ корабльдерді айтсайшы.— Сендей электр-инженері болсам ғой сол корабльдердің бірінде жұмыс істейтін едім. Сегіз кластық біліммен қайда ұзаймын. Институт бітірсем көгілдір теңіздің тулаған толқынына тербеліп, жер шарын шарлар едім. Мынау суы тізеден келетін Есіл сен сияқты сері жігіттердің жан жүйесін жадырата ала ма. Тасбақа ғана қалқытын шалшық қой.— Осы сөздерді айтты да Иван қырлы стаканды Ғалимен қағыстырып ақ арақты көмейіне құя салды.

Жел көңіл Ғалиды «ақаң» да билей бастаған еді. Оның көз алдына шалқыған Қара теңіз жағасында ыстық құмға аунаған демалушылар елестеді. Сол-ақ екен екі дос қол алысып келісіп келесі сенбіде Одессаға жүрмекші болды. Айтқан сөздерінде тұрып қос құрбы әлемге аты шыққан Одесса қайдасың деп бір-ақ тартты. Иван Афанасьевич Петропавлден АН-24 самолетімен ұшып Свердловқа келді де, ТУ-104-ке мініп Одессаға тік ете түсті. Ал Ғали Владивосток — Одесса жедел поезымен бірнеше күн жол жүріп мерзімді жеріне қажып жетті. Иван Ғали досын вокзалда қарсы алды.

— Туғандарға кейін бара жатармыз. Қызметтегі адамдарды мазалап уақытын текке алмайық. Қонақ үйден орың алып қойдым,— деді ол Ғалиға перронда келе жатып. Бізге бергендері тамаша помер. Терезеден қарағанда Қара теңіз шалқып жатады.

Ғали досымен бірге Одессада екі жетідей сайрандады. Екеуі көптесген моряктармен кездесіп, олардың жер шарын шарлағанда көргендері жайлы әңгімелеріне құлақтарының құрышын қандырды. Күндіз теңіз суына ақ шабақтай сүңгіп, ыстық құмға аунады. Жандарына келіп қызыл түлкідей қылаңдаған сұлулармен сыр шертті. Кеште Одессаның ресторандарында оркестрдің сазымен коньяк пен шампан буына балқыды. Тұзды теңіз суына қалқып, күн нұрына қақталған достар шоколадтай қара күрең болып, жылтырап алды. Сауық-сайранмен жүргенде Ғалидың қалтасы да жеңілдеді. Қонақ үймен есеп айырып, жолға ғана жететін тиын-тебенмен қалды.

«Бәлен жерде бақыр бар, барса саптаяқ та жоқ» деген мақал Ғалидың есіне түсті. Бұдан кейін Ғали өзіне өзі ақыл салды. «Есің барда елің тап» деді ол іштей. Бірақ досы одан қалмады. Ақыры екеуі Петропавлға поездбен қайтты.

Туған қаласына жақындағанда аспанға бой созған биік үйлер Ғалиға жымың қағып тұрғандай болды.

Манадан терезеден көз алмай қарап тұрған Ғалиға теңізді Одессадан Петропавл ыстық көрініп, жүрегі лүпілдеп, ойнақши бастады.

Есіне әкесі марқұмның соғыстан қайтып келген жылдары айтып отыратын әңгімесі түсті «Талай жердің топырағын басып, дәм-тұзын таттым. Өзімнің Сарыарқамнан артық жер көргенім жоқ. Жердің әулиесі ғой, садағаң кетейін!» деп мақтанып қоюшы еді. Қуаныш кернеген Ғали вагоннан асыға түсіп, еркін басып вокзалдың қала жағына қарай беттеді. Опы ешкім тосып алмаса да қарсы келгендердің бәріне сүйсіне жымыя қарайды да, «жердің әулиесі ғой, садағаң кетейін» деп қояды ішінен.

* * *

Кешкі уақыт. Ғали Интернационал көшесімен келе жатты. «Шолпан» магазиніне жете бергенде «Пельмен» асханасына ентелеп келіп бір «Волга» күн көзіне қарсы тұра қалды. Ішінен орта бойлы, толықша келген біреу асыға түсті. Ғали досын тани кетті.

— Жаксы кездестік-ау, бір бокал сыра ішіп алып, саған бармақ едім. Жолым болады екен. Екі мотоцикл даяр тұр. Біреуі сенікі, екіншісін алатын кісі тап. Бағасы — 1600 сом. Ертең сағат сегізде осы жерде кездесейік, — деді Иван әдетінше асыға сөйлеп.

— Болды.

— Қош, кездескенше!

Ғали таксиге отыра салып мектеп-интернатта істейтін жолдасы Мұкашевқа келді.

— Бақыт, айымыз алдымыздан туды.. Ертең екі мотоцикл алмақпын. Біреуін сен ал. 1600 сом ақша керек.

— Үш доңғалақты ма, «Урал» ма? Оның бағасы 1300 сом емес пе?

— 300 сом паспортының құны, қоспасаң қолға түспес. Әзірге үшеуін бере тұр. Мотоцикл алған соң 1300 сомды бересің.

— Болды.

Ер жігітке серт қымбат. Ғали белгіленген уақытында уәделі жерге келді. Иван Афанасьевич те кешікпеді. 300 сомды қалтаға сұға салып «хабар өзімнен болсын» деп Лученко зытып отырды.

Көз алдына қос мотоцикл елестеп, қуаныш кернеген Ғали орнында тұрып қалды...

* * *

Ғалиден 300 сомды алып келе жатқан Иван Афанасьевичке ескі досы Петропавл қаласындағы облыстық тұтынушылар одағының құрылыс конторасының прорабы Бекен Тоқметов кездесе кетті. Көптен кездеспеген көңілдертер бірден іске көшті.

— Ваниуша, жолдастарым арқылы есептен шығарған газик машинасын алып едім. Сол құрғырға паспорт ала алмай дінкем құрып жүр. Нендей көмегің бар? Қолың ұзын жігітсің ғой, не алсаң да бір паспорт тауып бер, — деп жалынды Бекен.

— Оның жарасы жеңіл. Біздің қолдан келеді. Әзірше 300 сом бере тұр. Бекен қарсылық білдірмей Иван Афанасьевичті Ленин көшесіндегі орталық сақтық кассасына ертіп апарып сұраған ақшасын берді. Сол-ақ екен:

— Қош, хабар өзімнен болсын! — деп Иван кете барды.

— Екі күнде паспорт даяр болады. Бағасы алты қағаз. Енді үшеуін бересің, қымбатсынаң ақшанды қайыра-

мып. Искер жігіттің сөзі қысқа. Қылығы пысык,— деді ол.

Үш жыл бойы қорасында тұрған жасыл газик Бекеннің көзіне елестеді. «Ұйқы жоқ, күлкі жоқ. Жатсаң-тұрсаң машина деп есімді шығардың. Қанша ақшаның көзіне су құйдың. Машина алғалы жолдас-жоралардан айырылғанамыз былай тұрсын, кинотеатрға барудан қалдық. Мұның көрмеге қойылған экспонат сияқты қорада тұрды да қойды» деп қажаған әйелі Бағиланың ащы сөздері де осы сәтте есіне түсті. Пысық жігіттің намысын қорғайтын жері келіп қалғандай болды Бекенге.

— Паспорт тауып берсең болды,— деп сақтық кассасынан алып 300 сомды тағы да ұстата берді досына.

— Қош, хабар өзімнен болсын!— деп Иван Афанасьевич. Бекеннің қолын қайта-қайта қысып, ақырын жүріп кетті.

* * *

Иван Афанасьевичтен мотоцикл хабарын күте-күте Ғалидың көзі сарғайды. Сөйтіп жүргенде қызмет бабымен Бекмақанов жер жанаты — Көкшеге көшкен-ді. Ол досына хатты жні жазып, мотоциклды алсаң-ақ телеграмма бер деп жалынды. «Асықпаған арбамен қоянға жетеді» деп ұзын арқау, кең тұсауға салып Иван Афанасьевич та жайына жүре берді.

Агасы Қасым жеңгесі Жәмила Ғалиды күтумен шаршады. «Алдап кететін бала емес қой, реті келмей жүрген шығар»,— деп екеуі бір-біріне тоқтау салады.

Досы Лученкодан хабар болмағасын Ғали жұмыстан сұранып Петропавлға келді. Ол поездан түсе досып іздеді. Бұл жолы Иван Афанасьевич үйінде екен. Талай келіп таба алмай кетіп еді. Көптен көріспеген екі дос қуана амандасты.

Ғали сөз бастап:

— Ақшамды қайыр, мотоциклды өзім таптым,— деді зілдене сөйлеп.

— Шыда, екі-үш күнде тауып беремін. Мотоцикл болмаса, «ГАЗ-69» машинасын ал. Документі міне,— деп көгілдір түсті паспортты Ғалидың қолына ұстатты Иван.

Ғали ішінен оқи бастады. Толтырылмаған таза паспорт. Газ-69. Ташкент қаласы, 2. ГАИ МВД. УзССР деген мөрі де бар екен. «Е досым, енді сырынды түсіндім. Ташкентпен тегін байланысың жоқ шығар. Мен сені Одесса-

ның абзал азаматы деп жүрсем, алаяк кудың бірі екенсің ғой» деп іштей шешті Ғали.

— Қашан әпересің, мотоцикл болмаса машинанды аламын. Паспортын маған бер,— деп Ғали қалтасына салып алды. Ақшаға құмығып болған досы бұл жолы бұлтартуға әрекет жасаған жоқ.

Бекмақанов Лученконың үйіне бөгелмей милицияға келіп, «ГАЗ-69-дың» паспортын тапсырды.

Тексерсе келгенде паспорт Петропавл балық заводына қарасты машинаның документі болып шықты. Кейін зерттегенде анықталды Иван Афанасьевич паспорттағы жазуды ебін тауып өшіріп бірден бірге сатып қалтасын ақшаға толтырып жүр екен.

Көп кешікпей Лученко сот алдында отырды. Ақыры алаяқ тиісті жазасын алды. Қарапайым еңбектің жемісі тиыннан жиналған ақша иесіне берілді. Адал еңбек сіңірген адамға жол ашық. Қашан болсын мақсатына жетеді.

ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ

Күн жұма. Жұмысшылар заводтан тез шығуға асығып жатыр. Олардың ішінде баяу қимылдап жүргені Надя ғана. Ол жұрттың соңында қалды. Заводтан шыққысы келмей қақпаға қарай еріне басып келеді. Надя бұл жолы да ойланып қаланың шет жағындағы кішкене ағаш үйін көз алдына елестетті. «Үйде не болып жатыр екен? Маскүнем әкем келген шығар. Ол жұма күні күндегісінен де күшейе түсуші еді. Сорлы анамды таяқтап, мені үйден тағы да айдап шыға ма?»

Надя есік ашып, табалдырықтан аттауы-ақ мұң екен стол басында бұлғаңдап отырған өгей әкесі Константин Кузьмич көктемдегі бурадай бұрқырай жөнелді.

— Осы қызды адам болады деп ойлаймысың. Жұмысқа барып не қиратып жүр дейсің. Көзін жоғалтайық десе көнбейсің. Мә, саған, иттің баласы,— деп столдың үстінде жатқан қалайы ожаумен Екатерина Егоровнаны қақ жауырынан тартып кеп жіберді. Сол-ақ екен Екатерина ұшып түсті.

Туған анасына жаны ашыған Надя бар даусымен ай-

қай салып көшеге шықты. Оның бұдан басқа лажы да жоқ еді. Арашалап орталарына түссе мұны да таяқтың астына алады.

Көршілері жүгіріп келе бастағанда Надя көз жасын сүртіп бұл азапты көріп күнде күйгеннен де қаңғып кетейін, итшілікпен өткізген өмірден де өлген артық деп, Магнитогорскінің үлкен көшесін бойлай жүріп кетті.

Надя главпочтамптқа қалай жеткенін сезбей де қалды. Хат қараушы қыз оған төрт бұрышты конвертті жылы жүзбен ұстата берді. Надяның көзі конверттің сыртындағы таныс жазуға түскенде қолына бақыт құсы келіп қонғандай тез ашып оқи бастады.

Оның жерден тілегені көктен түскендей сүйген жігіті Николайдың мына хаты, әсіресе «кел» деп шақырғаны қалың орман ішінде адасқан адамның қолына түскен компастай болған еді.

... Надя вокзалға келгенде Петропавл қаласы арқылы жүретін поезд перронда тұр екен. Ол жүгіріп барып билет алды да, орнынан ақырын жылжи жөнелген поездға секіріп мінді.

«Қош, туған қалам. Қош, туған анам» деп ішінен ауыр күрсінді де, ол Петропавл қаласына тартып отырды.

Жол үстінде Надя қалтасынан хатты алып қайта оқыды. «Арманым сенімен қосылу. Кел, кел зәрыға күтемін»—деген сөзді ішінен оқып, екі көзін жұмып, ой тұңғығына жүзді. «Қыз басыммен жігітті іздеп барамын. Бұл — ұят, намыс. Лажым не? Өмір деген күрес емес пе? Бақытқа жету үшін күш-жігерінді аяма. Үйде отырып қайтырғаннан да, бақыт іздеп шарықтаған қызық. Бағытың дұрыс, Надя» деп іштей қорытты жас қыз.

Надя Петропавл қаласының шығыс жақ шетіндегі көшемен жүріп отырып, адрес бойынша төрт бұрышты аласа ағаш үйге келіп, қақпаны қақты. Қақпаны орта бойлы нмек мұрын, қара кемпір ашты.

— Әже, Николай осында тұра ма?

— Ие, осында тұрады,— деді кемпір қалың қабағын құрыстырып.

— Рұқсат болса шақырып жіберіңіз.

— Үйде жоқ, бүгін Алматыға ұшып кетті.

— Қашан келуге тиіс?

— Жолаушының жолыш кім білсін, ертең оралмақшы.

«Ертең келсе ештеңе етпес еді» деп ойлаған Надя біраз уақыт қаланы аралап, вокзалға барып түнемек болды.

«Қырсыққанда қымыран іриді» деген емес пе. Терістіктен түнерген қою қара бұлт күн бата нәсерлей жауды-ай келіп. Содан жауып төртінші тәулікте әрең тынды. Надяның қалтасындағы ақша таусылуға айналды. Сондықтан қайнамаған су мен нанды қорек етіп, Николайды күтті. Жауып басылды ғой оралған шығар деп Надя тағы Николайдың үйіне келді. Штапель халат киген әдемі ақсары әйел оны жылы жүзбен қарсы алды.

— Николай келді ме?

— Жоқ, сізге сондай қажет пе? Екінші рет іздеп келгеніңізге қарағанда қауырт жұмысыңыз бар-ау, тегі. Мен әйелімін келгенде айтайын, аты-жөніңіз кім еді.

— Әй-елі сіз бе?

— Несіне сонша таңданасыз? Некелі әйелімін. Баламызға бес ай толды.

Надя табанына от басып алғандай ыршып түсті. Ток соққандай өне бойы дірілдеп кетті. «Оңбаған, жексұрып, азғын, алдаған екен ғой мені. Ақымақ басым алдауға түскен. Өгей әке тепкісі тасқын суга түсірді. Асыл анам азабы ақылымнан адастырды» деп көзіне жас алды қыз. Сол-ақ екен алдына салып айдап келген махаббаты су сепкендей сөне қалды. Амал не. Іші түтін, сырты бүтін, үлкен көшені бойлап ойға шомып келеді. «Қайда барамын? Не істеймін?» дейді ол өзіне-өзі.

«Өмір бақыты — еңбек. Адал еңбек көктемдей гүлдендіреді. Құрметке бөлейді. Осы қалада қалып жұмысқа кірейін. Күндердің күнінде Николай сияқты алдауыштардың көрешегін көрсетіп таңдандырайын» деп ойып түйіндеді де, Надя қаладағы заводтарды аралап токарлық жұмыс іздеді. Арада үш күн өтті. Бірақ ойлаған ойын жүзеге асыра алмады. Қайда барса да еңбек кітапшасын сұрады.

Токарлық жұмысқа кіре алмай қажыған Надя арсыз жігіттің бетіне түкіріп, анасы мен әйелінің алдында масқараламақшы боп өзіне белгілі үйге келді.

Николайдың үйінде ешкім жоқ екен. Кішкене екі бөлмелі үйдің есігі шалқасынан ашық жатыр. Надя төргі бөлмеге өтті де, бұрыштағы кереуеттің басында ілулі тұрған «Зоркий» фотоаппараты мен Николайдың жасыл жібек футболкасын газетке орап қолтығына қысты. Енді-

гі ойы заттарды сатып, үйіне оралуға жолдық каражат табу, өйткені үйінен алып шыққан азынаулақ ақша таусылып, соңғы күндері ашыға бастаған-ды. Қайнаған ыза ақылын жеңіп, кек алу сезімі қылмысқа итермелегенін де байқамай қалды Орлова.

Петропавл қаласының №2 участогы сотының залы нін тірескен халық. Айыпкер орындығында Надя көз жасына булығып, қатты қайнаған самауырдай, екі нығынан демін алып, кемсеңдеп отыр.

— Сотталушы Орлова, сізге сот ақырғы сөз береді. Не айтасыз? — деді сот мәжілісінің председателі судья Дмитрий Андреевич Немилостливый байсалды дауыспен.

Надя көз жасын бұршақтатып, сүзек жайлаған адамдай орнынан әрең тұрды.

— Мен істеген қылмысымды мойындаймын, Кінәлімін. Фотоаппарат пен көйлекті өзіме мұра етейін деп ойлағам жоқ. Осы қалаға не үшін, кім үшін келгенім сіздерге белгілі. Мақсатым оларды сатып, үйге жету еді. Әкем майданда қайтыс болды. Анам екінші рет тұрмысқа шықты. Бірақ рахат көрген жоқ, осы уақытқа дейін жылаумен келеді. Өгей әкенің қолында менің жағдайым болмай ФЗО мектебіне түсіп, токарь мамандығын алдым да, заводқа жұмысқа кірдім. Жақсы істегенім үшін бірнеше рет ақшалай, заттай сыйлықтар алдым. Көктемде Қырымға санаторийге жіберді, Николаймен сонда таңыстым.

Әке-шешем менен құтылғанына қуанышты. Үш айдай осында жатқанда келмек түгіл келушіден айтқан жылы сәлемдері де болмады. Жұмысқа кіру үшін документтерімді жіберіңіздер деп телеграмма, хат жаздым. Жауап та бермеді.

Соттың бұ процесі өлгенімше есімнен кетпес сабақ болды. Өмірдің түзу жолынан тайып кеткенімді мойындаймын. Айыбымды адал еңбекпен ақтаймын деп советтің әділ сотының алдында сенімді беремін. Жасым 18-ге толуга әлі бір ай бар. Албырт шақта адастым, тура жолға салуларыңызды сұраймын.

Сот үкім шығару үшін басқа бөлмеге кетті. Залдағы халық айыпты Надяның ісін өзара бағалап, үкімдерін шығарып жатты. Дабырласып, дауласып жатқан жұрт залға сот алқасы қайта оралғанда тыныштала қалды.

— СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1942 жылғы 4 июльдегі Указының бірінші статьясының бірінші тармағы бойынша Орлова Надя бес жылға бас бостандығынан айырылсын,— деп судья сәл тынды да, сөзін әрі қарай жалғастырды.— Бірақ оның жасы 18-ге жетпегенін, мектепте жақсы оқып, тәртіпті болғанын, заводта озат токарь болғанын және семья жағдайын еске ала келе, сот Орловаға берілген бұл жазаны бір жылдық шартты үкімге ауыстырды.

— Дұрыс.

— Өте орынды үкім.

— Жігітке де жаза қолдану керек.

— Сізге үкім түсінікті ме? — деді судья байсалды дауыспен Надяға қарап.

— Түсінікті, сіздерге рахмет, мен енді не істеймін? Қайда барамын? Күн болса суық. Бар киімім осы ғана.

Оның аяғында тапочка, үстінде клеткалы ала штапель көйлек қана бар, басында орамал да жоқ еді.

— Біз оны да ойладық,— деді судья.— Қазір осыдан шығып отырып, шағын литражды двигательдер зауытының бастауыш партия ұйымының секретарына барыңыз, сізді тоқтаусыз жұмысқа алады. Документтеріңді телеграфпен сұратады. Ешқайда бұрылмай сол заводқа барыңыз.

Осы сәтте қайғы бұлты мүлде ыдырагандай сезінген Надяға судья туған әкесіндей көрінді...

Міне бұл әділ заңның, әділ соттың шарапаты.

СЕНІМ

Мақыш бүгін үйіне мезгілінде келмеді. Жансұлу апай ұлының уақытында кинодан қайтпағанына елегізіп отыр. Осы сәтте оның сонау бір жылдары баласының тентектік жасап, қылмысын сотта қарағаны есіне түсті.

Сол күні дәп бүгінгідей ұлын күте-күте қажып ұйықтап кетіп еді, біреу есікті үсті-үстіне қаққан-ды.

Дүрсілден ұйқысы шайдай ашылған Жансұлу апай орнынан ұшып тұрып табалдырыққа келді де:

— Мақышжансың ба? — деді.

— Шеше, есік ашыңыз. Балаңызды ертіп кеп тұрмыз,— деді біреу баяу үнмен. Жансұлу апай есікті ашып қаққан қазықтай қалтиып үнсіз тұрып қалды. Ол өз көзіне өзі сенбей тұр. Ұлының бет-аузы қып-қызыл қан, үсті-басы баттасқан батпақ.

— Мақыш қарағым-ау, саған не болған? — деді шешесі абыржып.

— Балаңыз мас болып, теміржолшылардың №2 училищесіне барып оқушылармен төбелесіп мына пистолетпен атпақшы болыпты,— деді оны алып келген милиция қызметкерінің біреуі, қолындағы қаруды көрсетіп. Олар үйге кірмей Мақышты анасына тапсырып кетіп қалды.

...Жансұлу апай кереуетте ұйықтап жатқан Мақыштың қасына келіп отырды. Екі көзі ұлының боп-боз жүзінде. Ол үнсіз біраз қарап отырды да:

— Не болды саған, Мақышжан, есің шыққанша ішіп? Пистолетті қайдан алдың?— деп маңдайынан сипады.

Сол-ақ екен оның көз алдына Мақышты алғаш бауырына салып маңдайынан сипаған шағы елестеп қоя берді.

... Көктем. Жансұлу әйелдер босанатын үйден Мақышты алып шыққанда күйеуі күтіп тұр екен. Мұқаш тұңғыш ұлын қолына алып сәбидің бетін жапқан ақ бәтес көрпені ақырын гана ашты да құшырлана сүйді. Ол келіншегінің ұл туганына қатты қуанған еді. Жансұлу мен Мұқаш екеуі келісіп тұңғышының атын Мақыш қойды. Олар өмірлері өзгеріп, бастарына бақыт құсы қонғандай сезініп шаттыққа бөленді. Бірақ бұл сезімді «соғыс» деген суық сөз сергітіп жіберді. Мұқаш Отан қорғауға аттанды. Ол елі, жері үшін, халқы үшін жаумен айқасып ерлікпен қаза тапты.

... «Мақышжан-ау, сенің адамгершілік атыңа кір келтірмей өсіру үшін өмірдің қиын өткелдерін кешкенімді ақтасаңшы. Жап-жас басыңмен арақ ішіп, есіңді білмей мас болғаныңмен қоймай, бұзақылық істегенің дұрыс па?» деп өзімен-өзі сөйлескен Жансұлу апай көзіне жас алды. Сосын ұйықтайын деп төсегіне жатып еді түн баласына кірпігі ілінбеді. «Бұл шіркін біреуді атып тастаған жоқ па екен?» деп ойлаған ана тыныштық тауып жата алмай орнынан тұрып сағатқа қарады.

— Мақыш, ә Мақыш,— тұр,— деді қатаң дауыспен баласына жақын келіп.

Мақыш кішкене кара көзін ашып, апасына карады да:
— Шекем солқылдап әкетіп барады, мама, су әперіп жіберші,— деп екі қолымен маңдайын басты.

— Су әкеп берейін, іш те тұр. Кешегі милиционерлер сағат тоғызда милицияға келсін деген.

Мақыш үн қатқан жоқ, орнынан созыла тұрды да, киініп Петропавл қалалық милициясының бірінші бөлімшесіне баруға дайындалды.

* * *

— Жолдас майор, бұзақы Мұқашев келді,— деді кезекші әскери тәртіппен баяндап.

— Кірсін!

Ұзын бойлы ақ сары жігіт ілби басып кірді де, төмен карап қалтырып тұрып қалды. Қатыран Сұлтанов кара мүйіз көзілдірігінің үстінен желкесін күжірейте оның бас-аяғын бір шолып өтті де:

— Отыр,— деді өзінің алдындағы орындықты нұсқап. «Мынау бір стилияға ғой» деп ойлады майор. Сосын ол Мұқашевтың анкеталық мәлімдемелерімен қысқаша танысып:

— Қайда, кіммен іштің? — деп сұрақ қойды.

— Өз үйімде, жолдастарыммен іштім,— деді Мақыш.

— Қайда істейсің?

— Еш қайда істемеймін. Сегізінші класты бітіргесін тепловоз машинисі болғым кеп Балқаш қаласына оқуға барып едім, орын толып қалыпты. Сол жерде үш ай электромонтер болып істедім де, үйге қайтып келдім.

— Пистолетті қайдан алдың?

— Ескі үйді қопарғанда погребтен тауып алдым.

— Түнде теміржолшылардың №2 училищесіне барып не істегеніңді білесің бе?

— Білмеймін.

— Жолдас ага лейтенант Әбуов,— деді майор,— бұзақылық істегені үшін, атылатын қаруды сақтағаны үшін қылмыс ісін қозға. Бір жеті ішіңде тексеріп бітір.

— Азамат Мұқашев, сен кезекші бөлмесінде тоса тұр.

Мақыш мойның ішіне алып кабинеттен ақырын шығып кетті.

— Тергеуді тез бітір, көп уақыт керегі жоқ. Училище-ден екі-үш кісіден және жолдастарынан жауап алсаң болды,— деп Қатыран Сұлтанов тергеушіге тапсырма берді.

— Жолдас майор, жас жігіт қой, он тоғызда-ақ екен. Бұрын сотталмаған. Іс қозғамай-ақ қойсақ қайтеді? — деді тергеуші.

— Жас жігіт, стилияга, еш жерде жұмыс істемейді. Түнгі сағат он бірде жатақханаға барып, оқушыларды атып тастамақшы болыпты. Екі кісіні ұрып кеткенінің өзі іс қозғауға тұрады. Мұндай бұзақылыққа жол бермеу керек.

— Мүмкін Мұқашев екі баланы ұрмаған шығар. Кейде кінәлі адамдар өз қылмысын біреуге жапқысы келеді емес пе. Осы жағын да ескеріп, бұ жігіттің жеке басының жағдайына қарауға тиіспіз ғой.

— Жеке басы белгілі, жұмыс істемейді. Оның орны— түрме!

* * *

Жансұлу^{*} апай Мақыштың сотталатынын естігенде демін ішіне тартып төбесіне жай түскендей отырып қалды. Не істерін білмеді. Ыза кернеген ол безгек тигендей дірілдеп қоя берді.

— Се-н, се-н,— деді жасқа булыққан ана баласына бар даусымен,— ұятқа батырдың, Отан үшін өлген әкеңнің атына кір келтірдің, менің еңбегімді зая кетірдің. Ақ сүтімді ақтамадың! Бетіме өшпес таңба салдың. Сенен күткенім осы ма еді.

— Мамочка, кешір бір қателік жасадым. Бұл жастықтың әуселесі ғой, кешір! — деп жалбарыпды анасыла Мақыш. Жансұлу баласына жауап қайырмады, үнсіз төмен қарап отырып қалды.

Жансұлу апай еңбек майданында сыналған адам. Теміржолшылардың №2 училищесінде оның үй сыпырушы боп істегеніне он жылдан асты. Ол өз жұмысымен ғана шұғылданып қоймай, жатақханада жатқан балаларға ақыл айтып қолы бос кезінде олардың кірі-қоңын жуып, аналық қамқорлық көрсетеді. Сондықтан балалар оны өздерінің туған анасындай қадірлеп, ардақтайды. Жансұлу апайды құрметтегендіктен бе, училище оқушылары мен мұғалімдері Мақышты да жақсы көріп кетті. Ақыры Мақыш училище өміріне араласып жазғы демалысында құрылыс жұмысына белсене қатысып, өзін көрсете білді. Оның еңбектегі табысын училище дирекциясы бағалап партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары атынан анасына алғыс айтты.

Баласының өткен жылы ауызға ілігіп мақталғаны есіне түскен ана «жақсы десе жан семіреді-ау. Бүгін бұл бұзақылық істеді деп пәре-пәре боп отырмын. Жалғызымды ұрыса бергеннен не өндірем. Қой болмас, белімді бекім буайын» деп ойлады ішінен.

* * *

— Жансұлу апай, сізді Мәкен Бектұрович шақырады,— деді үйге кірген оқушы бала.

— Қазір барамын,— деді де Жансұлу тез киініп училищеге келді. Училище коллективі оны асыға күтіп отыр екен. Мәкен оған орынды төрден берді.

— Жансұлу апай,—деп бастады сөзін партия ұйымының секретары Бектұров. — Мезгілсіз шақыртып алғанымыз үшін сізден кешірім сұраймыз. Сіздің балаңыздың қоғамдағы жат мінезін карауға жиналдық,— деді бұрышта отырған Мақышты нұсқап.

Жансұлу үнсіз басын ізеп төмен қарады. Мақыштың мәсселесіне арналған жиналыста бірінші сөзді училище партия ұйымының секретары алды.

— Біздің училищеге жыл сайын жүздеген оқушы түседі, солардың ішінде тептегі де, ішімдікке бейімдері де болады. Бірақ біз олардың кемшіліктеріне мән бермейміз, оқуға қабылдап тәрбиелейміз, қамқорлыққа аламыз. Шалыс басып адасып бара жатқандарына ақыл-кеңес беріп түзу жолға саламыз. Міне, мына отырған Мақыш та бізге оқушымыз сияқты. Мұны бәріңіз де жақсы білесіздер. Көз алдарыңызда өсті. Мақыштың жазда училищеміздің жаңа үйінің құрылысында еңбек еткенін екінші бірі біледі. Кезінде анасына алғыс айтқанбыз. Бүгін бәрі керісінше болып отыр. Бұзақылық жасап ісі сотқа түсті. Мен Мақышты қылмысты емес деп ақтамаймын, біздің училищенің оқушыларымен төбелескені, атам дегені рас. Бірақ мұның жастығып, анасының жалғыздығын ескеріп, соттан қылмысын жеңілдетуді өтінейік. Қателескен шығар. Кінәсін бетіне басып түзу жолға салайық, өзіміз қамқорлыққа алайық. Училищеге оқуға қабылдайық. Міне көзі отыр. Егер бізге уәдесін беріп, қолұшын сұраса, коллектив одан бас тартпас деп ойлаймын,— деп түйді сөзін Бектұров.

Училище партия ұйымы секретарынан кейін бірнеше адам сөйлеп Мақыштың кемшілігін де, жақсылығын да

айтып өтті. Солардың бәрі де сөздерінің соңында Мұқашевты училище қамқорлығына алуды мақұлдап, оның бас еркін айырмай коллектив тәрбиесіне беруді халық сотынан талап етуді қостады.

Училищенің мұғалімдер коллективі сөйлегеннен кейін кезекті Мақыштың шешесі алды.

— Құрметті жолдастар! — деді Жансұлу төмен қарап, — Сіздерге көп рахмет! Менің ата-анам да, туысым да сіздер. Мақыш өз балаларыңыздай ғой, кешіріңіздер. Қателік істеді, бірақ адал еңбегімен ақтар. — Осы сөздерді айтты да көзіне үйірілген жасты орамалымен сүртіп отыра кетті.

— Енді Мақыштың өзі сөйлесін, кінәсін мойындап кешірім сұрар ма екен, — деді мұғалімдердің бірі.

— Кі-нә-лімін! — деді Мақыш тұтыға сөйлеп. — Кешіріңіздер. Мені оқуға қабылдап қамқорлыққа аламыз дегендеріңізге көп рахмет! Тәртіпті боламын деп уәде беремін, сеніңіздер. Коллектив атына кір келтірмеймін.

Жиналыста сөйлегендердің талап-тілегін ескеріп Мақышты бас еркінен айырмай училище коллективінің тәрбиесіне беруді қалалық халық сотынан сұрау жайлы қаулы қабылданды.

Училищеде өткен жиналыстан кейін көп кешікпей Мақыштың қылмысы қалалық сот мәжілісінде қаралды. Сот алқасы Мұқашевтың кінәсін шын жүректен мойындауын, жастығын және теміржолшылардың №2 училищесі коллективінің тілегін ескере келе оны бас бостандығынан айырмай екі жылдық шартты жазаны өтесін деген үкім шығарды.

Сот мәжілісін тыңдауға жиналған жұрт бұ үкімнің әділдігіне ризашылық білдіріп көңілді тарқады.

Ал Жансұлу апай кетіп қалмай сот алқасының мүшелеріне рахмет айтып Мақышын қолтығынан алды да, езу тартты. «Бұл зор сенім. Сенбесе ғой Мақыш менің қолтығымда тұрмас еді. Әділ заңның шарапатынан айналайын».

Негізінен заңды құрметтеген адам өмір жолынан адаспайды. Халық алдында сенімді болады. Міне, сенім деген осы. Сенім де дүниенің кілті.

МОЙЫНДАУ

Көшені бойлап келе жатқан автобус аялдамаға келіп кілт тоқтады. Жәнипа алдыңғы есіктен кіріп жан-жағына қарап сәл тұрды да, алға жылжыды.

Есік жақ қатарда отырған жалпақ бет, қоңқы мұрын кексе жігіт терезеге қарай сырылып орын берді. Кеудесі сырылдап ентіккен қария пүліш шапанының етегін алдына қарай жымырып алып, шалқая отыра кетті де, жанындағы кісіге — «сен кімсің?» дегендей тессіле қарады.

— Әй, сен мынау тонды қайдан алдың? — деді Жәнипа қасында отырған жігітке көзін қадап жұрт естісін дегендей даусын көтере.

— Сатып алдым, — деді жігіт абыржып.

— Өтірік айтасың. Бұл менің тоным. Мына қара түймені, қара жіппен өз қолымнан қадағам. Сен ұрлап алдың, — деді Жәнипа екпіндей сөйлеп.

— Бәйбіше, абайлаңыз. Тон ұрлайтын кісі мен емес. Байыбына бармай айқай салғаныңыз ұят қой. Менің сатып алғанымды бірге істейтін жолдастарым біледі.

— Қайда істейсің?

— Сүт комбинатында, мастермін.

— Е... с маңадан бері жөніңді айтсаңшы, — деп Жәнипа жуасып қалды.

— Мендей жігіттің қолынан ұрлық істеу келмейді.

— Атың кім? — деді.

— Ел-ем-ес.

— Фамилияң кім?

— Бозжігітов.

— Бозжігітов па, Ақжігітов па кейін көрермін. Сендерде Қәмелбек деген жігіт істей ме?

— Ағаш шебері боп менің қарамағымда істейді, — деді қара тонды жігіт.

Автобус аялдамаға тоқтады. Жәнипа қарт Елеместі басынан аяғына дейін бір шолып өтті де, шығып кетті. Елемес аң-таң боп автобустың ішінде қала берді. «Бұ қалай, Қәмелбек тонды ұрлап алғаны ма?» деп ойлады ол.

Ертеңінде Жәнипа апай ерте тұрып жедел киінді де, автобуска мініп сүт комбинатының директорына келді.

— Шырағым, директор сен боласың ба? — деді пальтосын шешіп ілін жатқан жігітке Жәнипа қарт.

— Ие, шеше, не шаруамен жүрсіз, айта беріңіз.

— Сендерде Елемес Бозжігітов деген жұмыс істей ме?

— Е, істейді. Ол кіміңіз еді?

— Шақырт кабинетіңе, оның маған қандай қатысы барын көзбе-көз айтамын, — деді Жәнипа директордың столы жанындағы орындыққа отыра беріп.

Аздан кейін кешегі қара жігіт директордың кабинетіне келді. Үстінде сол қара түймелі қара тон. Жәнипа апай екеуі ежелгі жау адамдардай бір-біріне қадала қарады.

— Сәлеметсіз бе? — деді Елемес директорға. Оның дауысы дірілдей, қалтырап шықты. Жәнипаға басын ізеп салқын амандасты. Кемпір қабағын түкситіп томсарып отырып алған. Елемес отырысымен сөз бастады ол.

— Мынаның үстіндегі менің тоным. Ұрлап алды, — деді Жәнипа директорға қара жігітті қолымен нұсқап. Ортадағы қара түймені өз қолыммен қайта қадағам. Кеше автобустың ішінде тапыдым. Тонымды алып бер, шырағым. Милицияға бармай өзіңе келіп отырмын, — деді де Жәнипа қарт қол-аяғы дірілдеп, — милицияға өтініш берсем түрмесіз құтыла алмасын білем. Оған дәтім бармады.

— Елеке-ау, әнеукүні тон сатып аламын деп ақша сұрап келіп едің ғой, — деді директор жылы ұшырай байсалды сөйлеп. — Сатқан кім еді?

— Алпыстың Кәмелбегі, — деп тұтыға сөйледі Елемес.

— Неше сомға алып едіңіз?

— 40 сомға... 20 сомын аванстан бердім де, қалғанын сңбекақы алғанда төледім.

— Шеше, сіз Кәмелбекті танысыз ба? — деді директор кемпірге назарың аударып.

— Та-ни-мын, — деді қобалжыған ана орнынан бір қозғалып қойды да, тоңып бара жатқандай екі қолын кезек-кезек сипай берді. Сол сәтте мандайынан шып-шып тер шығып, қарыс жабылған қабағы да ашыла бастады.

— Ол сіздің балаңыз ба? — деді директор бір түрлі үнмен.

— Өзі айтар. Сұрап білерсің — деп ана орнынан баяу тұрды да: — Қош шырағым, — деп шығып кетті.

— Елске, сізге кара топ қырсық боп жабысты-ау,— деді директор.

— Ойбай-ау, анада Кәмелбек жұмысқа кара тон киіп келіпті. Кәрі сүйек суық тисе сырқырай бастайды. Тонды көрген соң көзім қызығып кетті. Маған да бір тон керек болып жүр дедім оған, ойымда ештеңе жоқ. Сол кезде құдайдың қысы да қаһарын төгіп тұрды ғой,— деп арқасына суық батқандай жауырынын бір қозғап қойды.

— Иә, сонымен.

— Мен тауып берейін,— деп Кәмелбек үш күннен кейін осы тонды әкелді. Қырық сом сұрады. Сөз айтқаным жоқ, тегін бергендей қуана-қуана алдым,— деп Елемес қалтасынан көкала орамалын алып, маңдай терін сүртті.

«Елемес алған тонды Кәмелбек ұрлап әкелген екен» деген өсек сол күні комбинат жұмысшыларының арасына лезде тарайды. Сөйтіп, екі адамның басы қосылса кара тон жайлы әңгімеледі. «Елекенді ұятқа батырды-ау» деп жұрт Кәмелбекті сөкті.

* * *

Кеше комбинат клубында өткен жолдастық сот Кәмелбектің көз алдынан кетер емес. Еңбектес жолдастарының айтқан сөздері де құлағында күңгірлейді.

Сол сотта бірталай адам сөйлеп кара тонды сатқан Кәмелбекті жұрт алдында ұялтты. Соңғы сөзді Елемес алды.

— Жолдастар, болар іс болды. Бәріміз де етінен өткізіп, сүйегіне жеткізе айттық. Меніңше, Кәмелбектің арақты қойғаны жөн. Қайын енесінің тонын араққа салуы есі кеткендік. Әйткенмен ақылсыз жігіт емес. Біздің бүгінгі айтқанымызға түсініп қорытынды шығарар, сөгіс жариялайық,— деді Бозжігітов.

Оның пікірін комбинат коллективі қостап, Кәмелбекке сөгіс берілсін деп шешті.

Осынау достық, жолдастық шешімге Кәмелбектің өзі де ризашылық білдіргендей боп, ойға шомып келеді. «Қателестім. Ақ жолымнан адасып бара жатыр екем ғой. Бәріңіз де кешіріңіздер!» деп дауыстады ол. Бірақ оның үнін ешкім естіген жоқ. Кәмелбек үйіне жеткенше асығып келеді, әйелінен, қайын енесінен кешірім сұрап қателігін мойындамақшы.

Иә, қателігін мойындайды. Бұл зор қасиет.

СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Шілденің бәл ортасы. Күн жерге түскендей шығғырып барады. Шөлдеп мазасы кеткен жұрт сусын іздеп шарқ ұрды. Таңдайы кепкен Садық Айдаров сыра заводына баруды шешті де, автобуска мініп жетіп келді. Ол ешқайда бөгелмей кадр бөліміне кірді.

— Кадр бөлімінің бастығы кім?— деді Садық төрде отырған әйелге қадала қарап.

— Мен,— деді орта бойлы толықша келген қара торы келіншек. Сосын ол қасындағы жасыл шелектен бір шыны лимонадты алып, маңғаздана ашты да, алдында тұрған үлкен бакалға құйып дәмін көргендей екі жұтты. Садық біресе көркем келіншекке, біресе шелектің ішіндегі сыраға қарайды, аузын тамсайды. Жігіттің шөлдеп таңдайы кеуіп тұрғанын сезген кадр бөлімінің бастығы:

— Лимонад і-ше-сіз-бе?— деді. Сол-ақ екен Асыл Аяганова тоқ соққандай өз-өзінен дір ете түсті. Ол алдында тұрған жігітке көзінің астымен қарап таңданып отыр. Өйткені талай адамды көрген еді, дәп мынадай сұлу жігітті кездестірген емес.

— Рұқсат етсеңіз,— деді маңғаздана сөйлеп келіншектің көз жанарының ұшқынын байқаған Садық.

— Ішіңіз, ішіңіз сусынның дариядай тасыған жеріне келдіңіз ғой,— деп Аяганова шелекке қолын созып сөзін сабақтады.— Ғафу етіңіз, мүмкін сыра ішерсіз.

— Рұқсат етсеңіз,— деп жымыды Садық.— Замандас, сыра ішкенім дұрыс, жұмыс тауып берсеңіз тіпті жақсы.

— Қандай мамандығыңыз бар?

— Мамандығым қос білегімде.

— Қос білегіңе сенбеймін,— деп келіншек жымып қойды.— Білімиңіз қанша?

— Жеті класты бітіріп, сегізіншіге өткенде қара қырсық желкемнен алып кластан итеріп кеп жіберген еді. Содан қайтып мектеп қарасын көрген емеспін.

— Қандай жұмысқа орналасқыңыз келеді?

— Сіз таңдасаңыз жақсы болар еді.

— Талғам болғанмен, таңдау жоқ. Бізге жүк тиеушілер ғана керек. Оған сіз бара қоймассыз.

— «Жақсы әйел жоқ дегенде жарты табақ ет табады» деген сөзді білесіз бе?

— Жакында қойма меңгерушісі кетпекші. Уақытша жүк тиеуші болып істеміз.

— Сіз ұсынған жұмыстаң бас тартпаймын,— деп Садық күлімсіреп өтініш жазып берді. Кадр бөлімінің бастығы Айдаровтың арызын ішінен оқып шығып:

— Өмірбаяныңызды жазбайсыз ба?— деді.

— Жүк тасушының өмірбаянын кадр бөлімі түгіл, сүйген жары да сұрамайды.

— Ертең сағат 9-да жұмысқа келіңіз. Өзім ертіп апарып цех бастығымен таныстырамын.

Содан Садық цехта жұмысшы болып істей берді. Салқын жерде сыраларды жәшігімен тасыды. Сыраға айдың көлдегі аққудай жүзіп, кадр бөлімі бастығының жоғарылатуын күтті. Күнде кадр бөлімі жаққа қарап қояды. «Шіркін, қойма меңгерушісі болсам майға ғана жүзер едім» деп ойлайды ішінен Садекең.

Бір күні ақ түйенің қарыны жарылып, Айдаровты завод директоры шыны сақырды.

— Сізді шыны сауыт қабылдайтын қоймаға меңгерушісі етіп тағайындамақшы болып отырмыз. Өзіңіз қалай көресіз,— деді директор ағынан жарыла сөйлеп.

— Менің қолымнан келер ме екен? — деді Садық маңыздана. Бірақ, айтарын айтса да «аузыма жаман сөз қайдан түсті?» деп өкініп қалды.

— Мыңға дейін санау білесің бе?

— Білем.

— Олай болса, күніне бір магазин мыңнан артық шыны сауыт тапсырмайды. Асыл Аяганова бұйрық жазыңыз,— деді қарсы алдында отырған қара торы келіншекке жымия қарап директор.

Садық қойма меңгерушісінің қызметін тез игеріп алды. Бұрын қойма басына сыймай кезекке таласып жататын сатушылар шыны сауыттарын лезде тапсырып магазиндеріне қайтатын болды.

Машина-машина келген шыны сауыттарды Садекең есеп-қисапсыз, санаусыз ала берді. Фактураға қол қоя салады да, «апарып құлат» дейді. Алғашқы күндері сыпайылық білдіріп, сыраны ғана сусын етуші еді, кейін «ақанды» қағып жіберетін болды. Көп ұзамай таза спиртке көшті де, «күн ыстық» деп коньякқа ауыз салды. Спирт пен коньяқтың уыты бойына жайылған Садық біржарым апта істегеннен кейін жастықтан басын көтере алмай қалды. Бұл сырқат насырға шапты. Төсек жинатпады.

Бой жаздырмады. Жұмыс та қалды өз жайына. Алған жердің қары да таусылады ғой, қалтадағы ақша да сөйілді. «Енді не істесем екен?» деп Садекең үйден шықты. Салып отырып «Шығыс» ресторанына келді. Қойма маңында жүрген өзінің ескі танысы, экспедитор Гизатовқа тап болды.

— Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынап, сенің кездескенің жақсы болды,— деді ол күле сөйлеп.

— Менің мойнымда есептен тыс артық шыны-сауыт бар. Сөйлесші біреумен тиын-тебен табайық.

— Қазір табамыз,— деп Ревхат жүгіре жөнелді.

— Болды,— деді еңтігіп келген Ревхат.— Сосын Садық екеуі «Шығыстың» қоймасына кірді. Екі беті табақтай, жуан сары әйел жүзі таныс адамындай алтын тістерін ақсита күліп қарсы алды Айдаровты.

— Танысу үшін қағып жіберетін бірдемең бар ма, Нұрилла?— деді Ревхат.

— Білесің ғой қайда екенін, өзің алып құя берсейші. Сол-ақ екен Гизатов жүгіріп барып сөредегі жәшіктердің аржағында тұрған бір шыныны алып мөлтілдете стаканға құйды да, Садыққа ұсынды.

Бір стакан коньякты жұтып жібергенде Садекеннің көзі ұшқын атып, құрыс-тырыс бәп тұрған денесі босансып маңдайы терши бастады.

— 360 сомның жарты литрлік бөтелкелерін сыра заводының қоймасына тапсырдым деп фактура жаз, — деді Айдаров.

Стол үстінде жатқан автомат қалам жорғалай жөнелді. Нұрилла көз ашып жұмғанша фактураға «360 сомның 150 жәшік бөтелкесін сыра заводына тапсырдым» деп жаза салды да, Садекең қабылдап алды. Бірақ ол товар алған жоқ, мемлекеттің 120 сом ақшасын қалтасына сала кетті. Қалғаны Жетпісованың пайдасына түсті.

«Тойған жерге тоғыз кел» дегендей Садық ертеңінде ізін суытпай Нұриллаға келіп, белгілі әдіспен 360 сомның бөтелкесін «қабылдап», 120 сомды уысына қысты.

Сол жолы ол «Шығыс» ресторанының буфетінде істейтін Үмітжан Уәлиевамен танысып, одан да 120 сом ақша алып, 240 сомды соның пайдасына қалдырды.

Араны ашылған адамда қанағат болмайды. Мандайынан тері шығып, иіліп еңбек етпей табылған тегін ақшаны Садық судай сапырды. Араққа жүзіп жүріп, алдайтын орыпды қарастырды. Қала магазиндерін жағалап,

шыны ыдыстарын қабылдайтын дүкендердің бірін қалдырмай аралап шықты. Қаланың тамақ-сауда бөліміне карасты № 2 магазиннің сатушылары Сағила Омарова мен Сабира Халықоваға келіп, беретін пайдасымен қызықтырды. Анна Томова мен Александра Кучерованы да жақын тартты. Инна Мишакпен сыр шертті. Бәрінен де бос бөтелкелерді «қабылдап», ақшаларын бөлісіп отырды. Бәріне де «мен сыра заводында қойма меңгерушісі болып істеймін» дейді. Қысқасы, сол 13 күн ішінде Садық мемлекеттің 3 мың сомының көзіне су құйды.

Судың да сұрауы бар емес пе? Жай талап етілумен іс біткен жоқ, көзбояушылар сотқа тартылды. Олардың бәрі де алған ақшаларын орнына салып, «мемлекетке келтірген зиянын толық төледі» деген анықтама қағаздарын, мөр бастырып, қол қойдырып, сотқа ала келіпті. Мұны естіген Садық тағы да мұртынан күлді.

Бірақ Садық Айдаров та, өзгелер де сот үкімі бойынша әділ жазаларын алды.

Кадр бөлімінің бастығы Аяғанова кезінде Айдаровтың бұрын қайда істегенін, мемлекет мүлкіне суық қол сұғып, екі рет сотталғанын айқындаса осынау кемшілікке жол берілмес еді. Бос бөтелкені қағаз жүзінде ғана қабылдап заңсыз алған ақшаны судай шашқаны Аяғанованың қырағылығы шамалы екеніне куә. Негізінен көрегендік, сезімталдық қасиеті мол адам алаяқ-маскүнемдердің дертін қолма-қол сылып тастап отырады. Ал Аяғанова көрмегенді, сезбегенді, ақ ниетті адамдар аңғарды, Садықтың жолына бөгет салды.

Ақыры, коллективтің үлкен қол, тәрбие ұясы екеніне Садықтың көзі жетті.

Негізінен қырағылық бар жерде олқылық етек алып меңдемейді.

Әсте судың да сұрауы барын ұмытпайық...

СҰҒАНАҚ

Қалалық отын базасына жаңадан бастық келді. Келгенде де шалқая түсіп, шіренбеді. Жүгіре басып, абыржымады. Маң-маң басып, маңайына көз тастады. Жымн-

ғанын айтсайшы, бір караганда жүрегінді ертіп жүре береді.

Келе сала қиратқаны шамалы. Жұмыс бір арнада аққан өзендей бұрынғысынша жүріп жатты.

«Отын базасын басқаруға қанша өнер керек. Өзімізге жайлы болса болды» десті мұның қызметкерлері мен жұмысшылары.

Күндер өтіп, жалақы алатын да мезгіл жетті. Бастықты сыйлап жіберудің жолын ойлады кейбір жеңіл мінезді жағымпаздар.

— Қажеті қанша, ішкісі келсе өз ақшасына ішсін,— дегендер де болды.

— Күрегімді тартып алады деп қорқамын ба?— деді ер мінезге басқандар.

Қысқасы, сол күні бастық үйіне қалай келгенін есіне бір түсіре алмайшы. Екі көзі қанталап, реңі түсіп, бозқырау соққан қиярдай болбырап, Сәрсекең ертеңінде жұмысқа келді. Кешегі сырқаты тұла бойын құрсаулап, басы қаңсып тұр. Торсиған графиндегі мөлдір су ғана жанына жәй таптыратындай сезінген ол қырлы стаканды толтыра құйып алып әлсін-әлсін ішіп отыр.

Бастықтың басы айналып, жүрегі локсып жүргенін кешегі жолдастары ғана емес, базаның бүкіл жұмысшылары сезді. Жұмыс күні аяқталмастан-ақ, оның кабинетіне жылпостың бірі тағы да «ақаңды» алып келді. «Ақаңды» көргенде Сәрсекең күлімсіреп орнынан атып тұрды.

— Сына сынамен ұрғанда ғана шығады,— деп стаканды толтыра құйған жігіттердің бірі сыпайылық білдіріп «әуелі сіз алыңыз» деп қойды. «Ой, бауырым-ай, көзіме оттай ұшырадың-ау» дегендей Сәрсекең күлімсіреп басын шалқайта ұстап «ақаңды» көмейіне құя салды.

Міне, содан бері Сәрсекеңнің жүрген жері күнде той, күнде думанға айналды. Сөйтіп, ол жұмыстан кейін шайқалақтап үйіне әрең жететін күйге түсті.

Арақ ерке Есілдің суы емес, шүмектеп ағызып алып іше беретін. Оған ақша керек. Ал ақша қалтада емес, кассада. Сөйтіп, Сәрсекең көзді жұмып, сол қоғамдық кассаға қолды салып кеп жіберді.

«Ақыры ол «317 тонна көмір қолмен түсірілді» деген наряд жазып, 120 сомды кассадан алып қалтасына салды.

«Дәніккеннен құныққан жаман» гой Сәрсекбай Мұқашев «Владимир Андреевич Волковтың бригадасы 100

тонна көмірді қаладағы ТЭЦ алаңынан күрекпен машинаға артты» деп жазылған қағазға қол қойып, 91 сом 80 тиып ақшаны тағы қымқырды.

— Біздің заманымыздың басты құралы техника. Ауыр жұмыстардың бәрін де машина атқарады. Мұқашев жолдас, көмірдің шаңын шығарып, жұмысшыларға күрекпен көмір арттырып қойыпсыз, бұл қалай?— дегенде, ол сасып қалды. Сәрсекең абыржығанмен есеп-қисап жүргізіп отырған қызметкерлер саспады. Олар барлық тізімді құшақтап әкеп, қай күні, қандай техника жұмыс істегенін дәлелдеп берді. Ақыры, қолға күрек ұстаушылар жоқ болып шықты.

Қомағайға тою бар ма, Мұқашевтың араны күннен-күнге ашыла берді. Тоймады. Қоғам мүлкіне қол сұғу өнерін қоймады. Ақшаны өз қалтасына салып алудың жаңа әдісін іздестірді. Ақыры, оны да тапты. Сөйтіп ол жалақы алушылардың тізіміне «өлі» жандарды енгізіп, ақшаның астында қалды.

Бір күні Сәрсекең қылмысқа белшесінен батқанын сезіп оңай құтылудың жолын тағы ойлады да, коллектив арасында беделін арттыруға бел байлады. Бірақ беделді сатып алу қиын ғой, сонда да ол коллективте абыройлы болып кейбіреулерге сөзін сөйлету үшін көмірдің бағасын арзандатып тоннасын 6 сомнан сатты да, көңілі жай тапты. Бірақ ол бұдан мемлекеттің 396 сом зиян шеккенін есіне де алған жоқ. Несіне сасады Сәрсекең. Коллективте беделі артты, сонымен қабат 16 тонна көмірдің ақшасын қалтасына тағы салды.

«Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деп ойлаған ол аяғын еркін басып, арақ ішу үшін қолынан келген қулықтың бәрін жасады. Ақыры, Мұқашев айналасының арқасында отын базасының 1927 сомын «араққа» жұмсап еркін тыныстады. Бірақ оның ішкен-жегені бір күні желкесінен шықты да, орнынан түсіп санын соғып қалды. «Қап, арақ ішпей тыныш жүргенімде отын базасының бастығы боп Петропавлды қарыма іліп отыратын едім. Қап... кап...» деп өзіне-өзі ұрысты Сәрсекеңбай.

Бірақ ол есін тым кеш жинап отыр. Араққа үйірлігінен Сәрсекең сұғанақтық дертке шалдықты. Есті адам «ақаңның» кеселіне жол бермейді, күреседі. Күрес етек алған жерде Сәрсекең тәрізді адамдар тез айығады.

ӨКІНІШ

Сатушы Алма Болатова магазинге еркін басып кірген жасөспірім үш жігітке бірден көңіл аударды. Ұзын бойлы, шүңірек көз, аққұба жігіт магазин сөрелерін шоли қарады да:

— Қыркыншы қара туфли бар ма?— деді баяу үнмен.

— Танертең болған, сатып жібердім.

— Жуыр арада туфли түсе ме?

— Мүмкін айдың аяқ кезінде болып қалар,— деді сатушы келіншек күмілжіп.

— Әдемісі болса біреуін маған қойыңыз,—деп аққұба жігіт жолдастарына қарап көзін қысты.— Жігіттер, кетейік, бізге лайықты ештеңе жоқ екен.

Сол-ақ екен үшеуі үнсіз магазиннен шығып кетті.

Бір сағат шамасында әлгі үш жігіт магазинге тағы келді. Аққұба жігіт Алмаға мойнын созып:

— Жылы кепке бар ма?— деді.

— Бар.

— Елу алтыншысы болса әперіп жіберіңіз, киіп көрейін.

Болатова мүдірместен оның қолына ақ түсті кепкені ұстата берді. Бейтаныс жігіт басына киіп өлшеді де:

— Алып қоя тұрыңыз. Ақшам үйде қалыпты, бір айналып кеп аламын,— деді.

Түске тарта үш жігіт жұбын жазбай магазинге тағы да келді. Бірақ бұ жолы үшеуі табалдырықтан аспай тұра қалды да, аққұба жігіт есіктің ілмегін салды.

— Жігіттер, магазинді жабуға әлі ерте есікті жаппаңдар,— деді Алма күле сөйлеп.

— Үнінді шығарма! Қыңқ етсең атамын,— деді шүңірек көз жігіт пистолетті сатушының кеудесіне тақап. Сосын ол:— Сен де қозғалма!— деді терезенің алдында тұрған қара торы келіншекке қарап.

Алманың тілі күрмеліп қаққан қазықтай қалтиып тұрып қалды.

Аққұба жігіт пистолетін кезеген күйінен ауған жоқ. Оның екі жолдасы кассадағы ақшаны тез жиып алды да:

— Пошли,— деп есікті ашып жүгіре жөнелді. Оларға аққұба жігіт те ілесті.

Ұрылар кеткесін орнынан ақырын қозғалып қара то-ры келіншек:

— Қазір... қазір,— деп үш жігіттің соңынан жүгірді.

Қорқып қалған Алма есін әрең жиды. Ол ойланып біраз тұрды да, далаға шығып кассадағы ақшасын үш жігіттің тонап кеткенін Петропавлдың қалалық милициясына телефон арқылы хабарлады.

«Жақсылық ағаш басында, жамандық аяқ астында» деген рас екен-ау. Қалың елдің ортасында, шаңқайтүсте кассадағы ақшаны алып кеткеніне кім сенеді? Мен көрдім деп тұрған бірде-бір адам жоқ. Менің өзімді жазала-маса жарар еді» деп үрейленді Алма.

Милиция қызметкерлері магазинге ағылды. Жауапты Болатовадан ұзын бойлы сом денелі қара жігіт алды.

— Қашан тонады, неше кісі? Үстерінде қандай киім-дері бар? Беттерінде меңі бар ма, тістері алтын емес пе?— деп Алмадан сұрап жатқанда ұрылардың соңынан жүгіре шыққан ұзын бойлы әйел ентігіп магазинге кірді. Оның шашы қобырап маңдайынан аққан тер бетін жуып тұр.

— Үшеуі, үшеуі де автобуспен вокзалға кетті. Пушкин аялдамасынан отырды. Су, су,— деп талықси құла-ды бейтаныс әйел.

Арада бір жетідей уақыт өтті. «Ұрлық түбі қорлық» деген емес пе, магазин кассасын тонаған үш жігіт қолға түсті. Бұлар осы қаланың жұмыс істемей жеңіл жолға түскен жастары екен.

... Сот процесі қаланың мәдениет сарайында болды. Жиналған жұрт сотталушыларға қадала қарап қалған. Ал жақтары суалып көз жанарлары күңгірттенген ұры-лар еңселері түсіп бүрісіп отыр.

Сот тергеуі ұрылардың ұйтқысы болған Ахмет Бекетовтен басталды. Ол өзін еркін ұстап, кішкентай қара көзіп төңкермелеп күні бұрын жаттап алған жауабын тапқақтай сылдыратып шықты.

— Мен «Қара маска» деген киноны көрдім. Одан кейін жазушы Лев Шейниннің «Ескі таныстар» атты кіта-бындағы Ленька Пантелеевпен таныстым. Оның образы маған қатты ұнап, мені өте қызықтырды. Ленька Панте-леевтің әдісімен магазиндерді тонауды ойлап, осы топты ұйымдастырдым...

— Сегіз жыл совет мектебінде тәрбие алып, екі жыл-дай жұмыс істегенде сенің үйренгенің осы ма?— дегек

сұрақ Ахметтің төбесінен қос қолдап ұрғандай екі беті ду етіп, қалқиған құлақтарына дейін қызарып кетті.

Ахмет он сегізге әлі толмаған бала жігіт. Сегізінші класты бітіргеннен кейін ілгері оқуға мүмкіндігі бола тұра мектепті тастап кетті. Сосын ол қалалық электр торабына монтер боп орналасты. Жас жігіт үлкеннің ақылын алып жақсы ісімен көзге түсудің орнына дөрекілік мінез көрсетіп, «өзім білемінге» басты. Ақыры, білгіш Ахмет еңбекке араласпады, — коллективпен санаспай жұмыстан шығып кетті де, бақытқа жеткізетін адал еңбекке мойын ұсынабады. Өмір сүрудің жеңіл жолына түсті.

Ахметтің теріс жолға түсуіне семья жайы, әсіресе ысқаяқ әке мен өгей шеше себепкер болған-ды. Өгей шеше оңы мен солын танып қалған Ахметке осы үйдің табалдырығын аттап кіргеннен-ақ қабарының астымен қарады. Жүзі бір жылымады, ашудан арылмады. Сөйтіп, жас баланың анаға деген махаббаты су сепкендей басылды да, мінезі өзгерді. Өгей шешеге жүзін жылытып, бетіне тура карамайтын болды. Ал төсек жаңғыртып, көңілі қош болған бейғам әке баласының ішкі сырына уақытында зер салмады. Жылы сөз айтып, ұлын бауырына тартудың орнына, ұрсып тастайтын күйге түсті. Ақыры, әке мен бала арасы суысып, Ахмет атасы мен әжесінің қолына келді. Сүйікті немересіне қарттар құшақтарын жайып бетінен қақпай мүлде еркінсітіп жіберді. Жасынан тәрбие, тыю көрмей өскен Ахметтің бүгінгі жағдайы оңша емес. Тиісті жазасын алуға ол мойын ұсынып қылмысын мойындап отыр.

Бекетовтың сенімді серігі Қайыр Қасеновтың өмір жолы көңілге қонымды емес. Қайырдың да алғашқы қадамы сәтті болып еді. Ол сегіз жылдық мектепті бітіріп, механикалық техникумға оқуға түскен. Бірақ Қайыр екінші курстан бастап өзінше өнер шығарып, сабаққа көңілі түссе ғана келіп, бұзық жолға бет алған. Міне, осы тұста не техникум коллективі, не ата-ана оған ақыл-кеңес беріп түзеп жіберуге күш салмады. Ата-ана болса «есейді өз ақылы өзіне жетеді» деп ойлап ұлының техникумды қалай оқып жүргеніне мән бермеді. Ақыры, төртінші курсты орталай бергенде, студентке жат қылықтары үшін Қайыр техникумнан шығарылды.

Жолынан адасқан Қайыр әке тілін алмай жұмыс таңдады. Ол өркөкіректігінен қара жұмысты істегісі келмеді. Инженерлік қызметке ешбір мекеме оны алмады.

Ақыры, Қайыр ертелі-кеш қыдырып ішкілікке салынды. Еңбек етпеген ол араққа ақшаны қара маска киіп табу-дың жолына түсті.

Енді міне Қайыр Қасенов өзінің сыбайластарымен сот алдында отыр. Магазиндердің кассаларын «тазалап» жүрген осылар екені анықталды да, сотқа тартылды. Халық соты істі әділ шешіп қара маскалы ұрыларды ұзақ уақытқа бас бостандығынан айырды. Теріс жолға түскен баланың ісі немен тынатынына әуел баста мән бермеген Ахмет пен Қайырдың ата-анасы сот үкіміп естігенде көздерінен жасты бұршақтата ағызып, орындарынан тұра алмай қалды.

Бұлар жылаумен балаларына көмек көрсете ала ма? Жоқ. Өкінгенмен енді болмайды. Баланы кішкентай күнінен игі іске бейімдеу керек еді. Игілікке қадам басқан адам өмір жолынан адаспайды, болашағын ойлайды, алға ұмтыла береді. Шындағы шынарға қол созады, жақсылық үшін күреседі. Олай болса, тек жақсылық үшін күрес жүргізейік.

АРЫЗШЫНЫҢ ӘЛЕГІ

Әңгіме еткелі отырғанымыз адам өміріндегі ең қымбатты тәрбиеші, бір мұғалім жөнінде.

Оқушыға түсінікті болу үшін істі басынан бастайық. Бастағанда тәрбиеші, саналы мұғалімнің бірнеше рет қалай соттасқанын айтуға рұқсат етіңіз.

Үстіне сұр макентош киген қызыл шырайлы әйел сотқа ерте келді.

— Отырыңыз,— деді судья бейтаныс әйелден көзін айырмай қарсы алдында тұрған орындықты нұсқап.

Бұ әйелдің еті қашқан, кішкене көзі жұмылып кетіпті. Жағына пышақ жанығандай, мандай терісі құрысып, қабағы түсіп тұр. Ол отыра беріп ауыр күрсінді. Судья оны іштей аяп көмектескісі келді.

— Айта беріңіз. Нендей арызыңыз бар еді?

— Мен Петропавл қаласының С. М. Киров атындағы № 2 орта мектептің мұғалімімін. Бесінші, жетінші класстарға орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беремін. Жиырма үш жыл педагог боп жұмыс істеп келемін.

Бейтаныс әйелдің жиырма үш жылдан бері мұғалім екенін естігенде судьяның көз алдына сонау бір бала-лық шағы елестеді.

Бірінші сентябрь. Алғашқы қоңырау. Класс. Алфавиттің алғашқы «А» әрпін жазуға, оқуға үйреткен жылы жүзді мұғаліммен судья кездесіп отырғандай сезінді. Күні бүгінге дейін жүрегінің түкпірінде мұғалімге мәңгі сақталған оқушылық махаббаты қайта оянғандай болды. Сондықтан ол танысын, танымасын мұғалім атаулыны ардақтайды. Жас яки қарт болсын, ол үшін педагог ең қымбатты, ең ардақты адам. Жиырма үш жылдан бері тәрбиеші боп істеп жүрген мына әйелдің жолы оған бөлек көрінді. Сондықтан судья алдында отырған мұғалімнің сөзін зейін қоя тындап отыр.

— Мені заңсыз жұмыстан шығарды. Бастықтардың кемшілігін жиналыс сайын бетіне айтып, сынағаным үшін «жұмысқа жарамсыз» деп жала жауып, мұғалімдіктен босатты. Петропавлдың педагогикалық училищесін, мұғалімдер дайындайтын екі жылдық институтын, марксизм-ленинизм институтының кешкі бөлімін бітірдім. Қазір педагогикалық институттың IV курсында оқимын.

— «Қандай ағаттық? Осындай адамды жұмыстан шығарған неткен тас жүрек жандар. Жедел тексеріп, байғұсқа көмек көрсетейін» деп ойлаған судья ұшатын қырандай орнынан бір қозғалып қойды.

— Өзім жеке басты әйелмін. Үш баланың анасымын. Ұлым Совет Армиясы қатарында. Бір қызым Москвада, институтта оқиды, екіншісі оныншы класты биыл бітірді. Қаланың бірталай басшыларына жолықтым. Арызыма бәрі де құлақ салмады. Өз орныма қайта тағайындатуға көмектессеңіздер екен,— деп Нұрғайша Нығметова оқушы дәптерінің үш бетіне ұсақ жазылған арызды Петропавл қалалық халық сотының аға судьясы М. Жылановтың қолына ұстатты. Жыланов Нығметованың өтінішін, қоса берген қағаздарын оқып шығып, баяу сөйледі.

— Сізді жұмыстан жарамсыз деп қана шығарған жоқ, көзбояушылық пен өтірік арыздар жазғаныңыз үшін босатыпты ғой. Солтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің соңғы 173 номерлі бұйрығын оқыдыңыз ба?

— Оқыдым. Бірақ бәрі жала. Оқу бөлімі мектеп директорын қолдайды. Екеуі тегі туыс болса керек,— деді Нұрғайша күмілжіп.

— Сіз директорға туыс екенін қайдан білесіз?
— Ағайын болмаса менің сөзімді де тыңдар еді ғой.
— Сіз де дәлелсіз жала жабады екенсіз,— деді судья Нұрғайшаға қадала қарап.

— Олай болса менің арызымды қайтарып беріңіз, басқа судьяға барамын,— деді Нығметова.

Жыланов үн қатпастан өтінішті иесіне ұстата салды. Нығметова арызы қолына тиісімен судья Иван Кузьмич Лобынцевтің алдына келді. Он жеті жыл прокуратурада, сотта еңбек етіп, талай істі заң бойынша шешкен судья да Нұрғайшаға ұнамады. Сосын Нығметова оған да сенімсіздік білдіріп, ісін судья Асылбек Әділовке түсірді.

— Қаладағы әділ судьяның бірі сіз деп естіп әдейі келдім. Менің ісімді өзіңіз шешіп беріңіз,— деді Нұрғайша.

— Істі судья ғана шешпейді. Сот құрамында екі заседатель болады. Оны білесіз ғой.

— Дегенмен олар да судьяның айтқанынан шықпайды.

— Заседательдер судьямен тең праволы,— деді Әділов байсалды дауыспен. Ол істі зерттеп сот мәжілісінде қарауға ұйғарды. Белгіленген күні сот мәжілісі басталды. Әдетте мұндай азаматтық істерді қарағанда, процеске бөгде адамдар қатыспайтын. Бұл жолы соттың шағын залы лық толды. Олардың көбісі педагогтар екенін киімдері мен жүріс-тұрыстары-ақ аңғартады.

Нұрғайша Нығметова облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Барыс Сақынов пен қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Нәзипа Шпағатованы мысалға алып сөзін бастады.

— Сақынов пен Шпағатованың соңыма түскеніне бес жыл болды. Осы екеуінің қуғын салуына байланысты мектеп директоры М. Байлин мен оқу ісінің меңгерушісі К. Кенесов мұғалімдермен бірлесіп мені жұмыстан шығарды. Бұлардың сылтауы дәлелсіз. Мені бесінші-алтыншы кластарға орыс тілі мен әдебиетінен сабақ бере алмайды, көзбояушылық жасайды деп отыр.

Нығметова қақпанға түсіп қалмау үшін сыпайылық білдіріп, мәнерлі, сырт қарағанда сенімді, көптеген дәйектерді, келтіре сөйледі. Еңбек тартысымен азаматтық істерді жүргізу заңдарының тиісті статьяларын жатқа соғып, жазып үлгере алдың ба дегендей сөзінің арасында хатшы қызға қарап қояды.

Сот мәжілісінің председателі Нығметоваға негізгі мәселеге көшіңіз деп ескертті.

— Аузымды қақпаңыз,— деп Нұрғайша ыршып түсті.

Облыс басшыларының Нығметова сөзге түсінбейтін адам. Оның тілін табу қиын. Жедел ісін қарап, шешіңіздер күнде арыз әкеп мазамызды алды дегені есіне түсіп судья сәл жымыып үнсіз отырды.

— Жоғарғы орындарға арыз жазуға мені мәжбүр еткен мектепте оқу-тәрбие жұмысында орын теуіп келе жатқан кемшіліктер. Олқылықты кезінде бетке айтқаным үшін бүгін мен кінәлі боп тұрмын. Жала жабушыларды жауапқа тартып, мені қызметіме қайта тағайындауды соттан өтінемін,— деді Нығметова сөзінің соңында.

Сот мәжілісі үш күнге созылды. Облыстық, қалалық оқу бөлімдерінен, № 2 орта мектептің мұғалімдер коллективінен, оқушылардың ата-аналарынан шақырылған куәлардың бәрі де Нұрғайша Нығметованың балаларды ойдағыдай тәрбиелей алмайтынын дәйекті деректермен делелдеді. Олардың көбісі Нығметованың оқушылардан орыс тілінен диктант алғанда, орфографиялық қателерді түзетпей жоғары бағалағанын, білімінің төмен екенін ашып айтты. Бірақ Нұрғайша бәрі өтірік деп кінәсін мойындамады. Істі бастан аяқ зерттеген сот алқасы Нұрғайша Нығметова жұмыстан дұрыс шығарылған деп шешімге келді. Сот үкімі дұрыс емес деп ұққан Нығметова Қазақ ССР Жоғарғы сотына арыз беріп ісін қайта қаратты. Ақыры, көп жылғы еңбегі мен үш баланың анасы екені ескеріліп бұрынғы қызметіне қайта тағайындалды.

Бірақ мұндай педагогты коллектив боп қолға алып, түзу жолға салмаса тәрбие жұмысы өркендемейді. Нұрғайша сияқтылар арызқойлықтың өнер емес екенін де ескергендері жөн.

МАЗМҰНЫ

Тартыс	3
Шындық сыры	15
Кездесу	26
Қайсысы менің балам?	33
Хабар өзімнен болсын	42
Қыз тағдыры	48
Сенім	52
Мойындау	58
Судың да сұрауы бар	61
Сұғанак	64
Өкініш	67
Арызшының әлегі.	70

Муртай Кошигулов

СЕКРЕТ ПРАВДЫ

(Из блокнота судьбы)

(на казахском языке)

Редактор *Т. Сулейменов.*
Худож. ред. *В. Безелюк.*
Техн. ред. *А. Колчин.*
Корректор *Л. Алдабергенова.*

Сдано в набор 1/II-1973 г. Подписано к печати 21/III-1973 г.
Формат 84×108^{1/32}. Бум. типогр. № 3. 2,375=3,99 усл. п. л. (3,9 уч.-изд. л.)
УГ04430. Тираж 15000 экз. Цена 12 коп.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 271. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Госкомитета Совета
Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли,
г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.

ЖАҢА КІТАПТАР

Баспадан мына кітаптар басылып шықты.

1. *Л. И. Брежнев*. Советтік Социалистік Республикалар Одағының елу жылдығы туралы. Көлемі 64 бет, бағасы 8 тиын.

2. Авторлар тобы. Ұлы достық мерейі. 327 бет, бағасы 72 тиын.

3. *Жинақ*. Естімеген елде көп. Көлемі 83 бет, бағасы 10 тиын.

4. *Р. Омаров*. Бастауыш ұйым — партияның негізі. 51 бет, бағасы 8 тиын.

5. *Н. Ф. Шитов*. Социалистік интернационализм және патриотизм. 95 бет, бағасы 13 тиын.

6. *Ш. Өтепов*. (Құрастырған). *Ғани Мұратбаев*. 141 бет, бағасы 16 тиын.

7. *М. Тәжин*. Алғы сапта. 86 бет, бағасы 12 тиын.

8. *М. М. Бубнова*. Жас аналарға кеңес. 70 бет, бағасы 11 тиын.

9. *М. Байкенов*. Қазақстан транспортының даму белестері. 191 бет, бағасы 71 тиын.

10. *Е. Оразақов*. Қайта соққан жүрек. 173 бет, бағасы 34 тиын.

001-3

1/7

12 т.

« ҚАЗАҚСТАН »
БАСПАСЫ

03